

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2026 жылғы 20 наурыздағы № 278 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 20 наурызда № 38186 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заңгерлік қызметтер көрсетуді ұйымдастыру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 13 наурыздан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 2-тармағының екінші, үшінші, бесінші және алтыншы абзацтарын, 3-тармағының екінші, үшінші, бесінші және алтыншы абзацтарын, 4-тармағының төртінші және бесінші абзацтарын, 5-тармағының үшінші және төртінші абзацтарын, 8-тармағының үшінші, төртінші абзацтарын, 9-тармағының екінші, үшінші, бесінші және алтыншы абзацтарын, 11-тармағының үшінші және төртінші абзацтарын қоспағанда, 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі

Е. Сарсембаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
бұйрығымен бекітілді
20__ жылғы
№ __

Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2016 жылғы 28 қаңтардағы " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорацияның жылжымалы мүлік кепілінің статистикалық және өзге де есептік ақпаратын ұсыну қағидаларын бекіту туралы" № 47 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13043 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізу:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорацияның жылжымалы мүлік кепілінің статистикалық және өзге де есептік ақпаратын ұсыну қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Есептілік көрсеткіштері бастапқы есеп көздерінен (Тіркеуге түскен құжаттар есебінің кітабы, Жылжымалы мүлік кепілінің тізілімі, Кіріс-шығыс хаттар-хабары есебінің журналы, номенклатуралық істер, www.e.gov.kz "цифрлық үкімет": веб-порталы, ЖМКТМДҚ) алынған тиісті сандық деректерді іріктеп, есептілік нысанының бағандары бойынша көрсету арқылы қалыптастырылады.";

"Мемлекеттік корпорацияның міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу жөніндегі қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы мәліметтер" нысанға қосымшасында:

"Мемлекеттік корпорацияның міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу жөніндегі қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы мәліметтер" нысанды толтыру жөніндегі түсініктемесінде:

он екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"2) электрондық 1 күннен жоғары, кепіл ұстаушының цифрлық жүйесі мен цифрлық үкіметтің порталына түскеннен кейін".

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2023 жылғы 12 мамырдағы " Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілі туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" № 302 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32514 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізу:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілі туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілі туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына

сәйкес әзірленді және "Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілі туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызмет көрсету (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішпен көрсетілетін қызметті берушіге жүгінеді не өтінішті "цифрлық үкімет": www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы Тізбесінің 8-тармағына сәйкес құжаттарды қоса бере отырып жібереді.

Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілінің мәліметтерін өзектендіру (түзету) мүдделі тұлғаның өтініші бойынша жүргізіледі.";

9 және 10-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

10. Цифрлық жүйеде іркіліс болған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде "цифрлық үкімет" цифрлық инфрақұрылымының операторын (бұдан әрі – оператор) хабардар етеді.

Бұл жағдайда оператор Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде техникалық проблема туралы еркін түрде акт жасайды және оған көрсетілетін қызметті беруші қол қояды.";

көрсетілген Қағидаларға 1, 2, 4 және 5 қосымшалар осы Тізбеге 1, 2, 3 және 4 қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы " Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқық ауыртпалықтарын) мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің ережелерін бекіту туралы" № 27 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20610 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізу:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің ережелеріне:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің ережелері (бұдан әрі - Ережелер) " Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы"

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес және "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі Заңының 1-бабының б) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызметтің көрсетілетін тәртібін айқындайды.";

3, 4, 5, 6 және 6-1 тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және (немесе) заңды тұлғалар (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға 1 және 2 – қосымшаларға сәйкес нысан бойынша "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне (бұдан әрі-Тізбе) сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, көрсетілетін қызметті алушының жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері бойынша көрсетілетін қызметті беруші арқылы немесе "цифрлық үкіметтің" веб-порталы арқылы өтініш береді: www.egov.kz (бұдан әрі-портал) немесе

- 1) Екінші деңгейдегі банктер;
- 2) Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйесі;
- 3) Атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесі;
- 4) Салықтық әкімшілендірудің интеграцияланған цифрлық жүйесінің цифрлық объектілері арқылы жүзеге асырылады.

4. Құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері жеке басын куәландыратын құжатты не көрсетілетін қызметті алушының цифрлық құжаттамалары сервисінен цифрлық құжатты мемлекеттік цифрлық жүйелердегі көрсетілген мәліметтермен тексереді (сәйкестендіру үшін).

Құқық белгілейтін құжатта көрсетілген жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжай мәліметтері жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесінде қамтылған мекенжай мәліметтерімен сәйкес келмеген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері мекенжайдың тіркеу коды бойынша жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын нақтылайды.

Егер мәмілені нотариат куәландырмаса, онда тіркеуші орган мәмілені жасаған адамдардың (олардың уәкілетті өкілдерінің) қолының төлнұсқалығын, олардың әрекет қабілеттілігін (құқық қабілеттілігін), сондай-ақ олардың ерік білдіруіне сәйкестігін тексеруге міндетті.

Мәмілені жасаған қол қоюшылардың (олардың уәкілетті өкілдерінің) түпнұсқалығын, олардың әрекет қабілеттілігін (құқық қабілеттілігін), сондай-ақ олардың ерік білдіруіне сәйкестігін тексеру рәсімінің аяқталуын растау көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің шартқа белгі қоюы және қол қоюы болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы Тізбенің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен

құжаттарды ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қабылдау жөніндегі қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың толық топтамасын ұсынған кезде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті қарауды тоқтату туралы өтінішхатпен жүгіне алады.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті алушы қолдаухатты көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы көрсетілетін қызметті алушының жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері бойынша береді.

5. Көрсетілетін қызметті берушіге өтініш түскен сәттен бастап мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі үш жұмыс күнін құрайды, ал нотариалды куәландырылмаған мәмілені мемлекеттік тіркеу жағдайында қызметті берушіге өтініш түскен сәттен бастап мемлекеттік көрсетілетін қызмет бір жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

Цифрлық тіркеу жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесіне жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін ақының төленгені немесе ақы төлеуден босатылғаны туралы растау келіп түскен күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Жеделдетілген тәртіппен цифрлық тіркеу жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесіне жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін ақы төленгені немесе ақы төлеуден босатылғаны туралы растау келіп түскен сәттен бастап екі сағат ішінде жүргізіледі.

Цифрлық технологияларды қолдана отырып, жылжымайтын мүлікке кепілдің туындауы, өзгеруі, тоқтатылуы бөлігінде құқықтарды (құқықтар ауыртпалықтарын) цифрлық тіркеу көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі, мемлекеттік тіркегені үшін төлемді растайтын электрондық чекпен қоса электрондық өтінім "цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзі арқылы жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесіне келіп түскен сәттен бастап екі сағат ішінде жүргізіледі.

Ауыртпалықтардың, сондай-ақ заңдық талаптардың тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу тіркеуші органға өтініш келіп түскен кезден бастап бір жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші арқылы құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

6. Нотариус цифрлық тіркеу кезінде көрсетілетін қызметті алушыға бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйеде (бұдан әрі-БНЦЖ) берілген құқық белгілейтін құжаттың

бірегей нөмірі туралы және жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін төлем сомасы туралы ақпарат беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет үшін төлем жүргізгеннен кейін чектің деректемелері жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесіне жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушының "цифрлық үкімет" веб-порталындағы "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

Мемлекеттік қызмет жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесіне төлем туралы растау келіп түскен күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқық ауыртпалықтарын), сондай-ақ бұрын туындаған құқықтарды (құқық ауыртпалықтарын) қоспағанда, тіркеу кезінде оларға ұсынылған Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі керек жылжымайтын мүлікке және өзге де мемлекеттік тіркеу объектілеріне құқықтардың (құқық ауыртпалықтарын) туындауын, өзгеруін немесе тоқтатылуын растайтын құжаттарға құқықтық талдау жүргізеді.

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтар ауыртпалықтарын) цифрлық тіркеу тіркеу туралы хабарлама бере отырып, цифрлық технологияларды қолдана отырып жүргізілуі мүмкін.

Құқықтық кадастрда цифрлық тіркеу екінші деңгейдегі банктің, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде қамтамасыз ете отырып не қамтамасыз етпей, жеке және (немесе) заңды тұлғаларға микрокредиттер беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын микроқаржы ұйымының және кредиттік серіктестіктің (бұдан әрі - қаржы ұйымдар) "цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзі арқылы цифрландыру объектілері (мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін автоматтандырылған нысанда ала отырып, кепілдің туындауын, өзгеруін, тоқтатылуын тіркеуге электрондық өтінім беру үшін цифрлық технологияларды пайдаланатын қаржы ұйымдарының цифрлық жүйелері) көмегімен келіп түскен кепілдің туындауына, өзгеруіне, тоқтатылуына өтінімі негізінде - мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) қаржы ұйымы көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесін қоса бере отырып, кепілдің туындауын, өзгеруін, тоқтатылуын тіркеуге арналған электрондық өтінімді құқықтық кадастрда бастамашылық етеді;

2) көрсетілетін қызметті алушы (өтініш берушінің уәкілетті өкілі) Қазақстан Республикасының цифрландыру заңнамасына сәйкес "цифрлық үкімет" төлем шлюзі (бұдан әрі - ЦҮТШ) арқылы кепілдің туындауын, өзгеруін, тоқтатылуын мемлекеттік

тіркеу үшін төлем төлеушінің деректерін міндетті түрде көрсете отырып, кепілдің туындауын, өзгеруін, тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу үшін төлем жүргізеді.

Кепілдің туындауын, өзгеруін, тоқтатылуын мемлекеттік тіркегені үшін жүргізілген төлемнен кейін мемлекеттік тіркегені үшін төлемді растайтын электрондық чектің деректемелері (өтінімнің бірегей коды, төлемнің бірегей коды, төлем алушының атауы, екінші деңгейдегі банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның атауы, төлем төлеушінің деректері, оның ішінде оның сәйкестендіру нөмірі, төлем сомасы) ЦҮТШ-да электрондық чек түрінде сақталады және құқықтық кадастрға жіберіледі.

3) қаржы ұйымы көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен, мемлекеттік тіркегені үшін төлемді растайтын электрондық чекпен куәландырылған құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі қоса берілген электрондық өтінімді "цифрлық үкіметтің" сыртқы шлюзі арқылы қаржы ұйымдарының цифрлық жүйесі арқылы құқықтық кадастрға жібереді;

Талаптардың орындалуын тексеру цифрлық технологиялар арқылы жүзеге асырылады (толтырылған ақпараты бар өтінім фактісінің болуын, төлемді, неке қиюды тіркеу болуы кезінде ЭЦҚ-мен куәландырылған мемлекеттік қызметті алуға арналған электрондық өтінішті растаумен жұбайының (зайыбының) келісімін, дербес деректерге қол жеткізуді бақылаудың мемлекеттік сервисі арқылы алынған жылжымайтын мүлік объектісінің меншік иесінің дербес деректерді жинауға, өңдеуге алған дербес деректерін жинауға, өңдеуге келісімін, ЭЦҚ тексеру, қатысушылардың жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі, мемлекеттік тіркеуді болдырмайтын ауыртпалықтардың болмауы, терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты адамдардың тізбесінде болмауын тексеру).

Кепілдің туындауын, өзгеруін, тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді құқықтық кадастр интеграциялық өзара іс-қимыл жолымен тиісті мемлекеттік цифрлық жүйеден алады.

Талаптарды тексеру сәтті орындалған жағдайда, жүргізілген тіркеу туралы құқықтық кадастрдың тіркеу парағына жазба цифрлық технологиялар арқылы автоматты түрде енгізіледі.

Жүргізілген тіркеу не мемлекеттік тіркеуден бас тарту немесе тоқтата тұру туралы электрондық хабарлама құқықтық кадастрдан көрсетілетін қызметті алушының "цифрлық үкімет" веб-порталындағы "жеке кабинетіне", сондай-ақ қаржы ұйымының цифрлық жүйесіне цифрлық технологиялар арқылы автоматты түрде жіберіледі.

Қаржы ұйымы ұсынған цифрлық құжаттарда құқықтық кадастр мәліметтерімен сәйкессіздіктер болған кезде талдауды көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері мынадай тәртіппен жүргізеді:

1) талаптардың орындалуын тексеруді жүзеге асырады (неке қиюды тіркеу кезінде толтырылған ақпараты бар өтінім фактісінің, жұбайының(зайыбының) ЭЦҚ-мен

куәландырылған мемлекеттік қызметті алуға арналған электрондық өтінішті, жылжымайтын мүлік объектісі меншік иесінің дербес деректерді жинауға, өңдеуге, қол жеткізуді бақылаудың мемлекеттік сервисі арқылы алынған келісімін растай отырып, төлемді тексеруді жеке деректермен, қатысушылардың жеке сәйкестендіру нөмірімен/ бизнес сәйкестендіру нөмірімен, мемлекеттік тіркеуді болдырмайтын ауыртпалықтардың болмауымен, терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты адамдардың тізбесінде болмауы).

Кепілдің туындауын, өзгеруін, тоқтатылуын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесімен интеграциялық өзара іс-қимылы бар тиісті мемлекеттік цифрлық жүйеден алады;

2) жүргізілген тіркеу туралы не мемлекеттік тіркеуден бас тарту немесе тоқтата тұру туралы тіркеу парағына жазба енгізеді және басшылыққа қол қоюға жібереді.

Мемлекеттік тіркеуді тоқтата тұру және бас тарту үшін негіздер болмаған кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады.

Мемлекеттік тіркеуді тоқтата тұру және бас тарту үшін негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері жылжымайтын мүлікке құқықтарды тоқтата тұрады не мемлекеттік тіркеуден бас тартады.

Жүргізілген тіркеу не мемлекеттік тіркеуден бас тарту немесе тоқтата тұру туралы электрондық хабарлама құқықтық кадастрдан көрсетілетін қызметті алушының "цифрлық үкімет" веб-порталындағы "жеке кабинетіне" және қаржы ұйымының цифрлық жүйесіне жіберіледі.

6-1. Объектіні пайдалануға қабылдау актілерін жүргізу және есепке алу тәртібі.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыдан объектінің техникалық сипаттамаларын және инженерлік желілердің және (немесе) ғимараттардың (құрылысжайлардың) нақты орналасуының атқарушылық геодезиялық түсірілімі, сәйкестік туралы декларацияны, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға сәйкестігі туралы қорытындыларды қоса бере отырып, объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісін алған сәттен бастап бір күн ішінде бір мезгілде жолдайды.

1) объектінің орналасқан жері бойынша сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын тиісті жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесіне объектінің техникалық сипаттамаларын және инженерлік желілердің және (немесе) ғимараттардың (құрылысжайлардың) нақты орналасуының атқарушылық геодезиялық түсірілімі қоса бере отырып, объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісі;

2) объектінің орналасқан жері бойынша Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдарына объектінің техникалық сипаттамаларын, сәйкестік туралы декларацияны

және құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға сәйкестігі туралы қорытындыларды қоса бере отырып, объектіні пайдалануға қабылдаудың бекітілген актісін ұсынады.

Сәулет және қала құрылысы саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдар көрсетілетін қызметті берушіден құжаттарды алған сәттен бастап бір жұмыс күні өткенге дейін тапсырыс берушінің құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларында айқындалған рәсімдерді сақтауына салыстырып тексеруді жүргізеді және және мемлекеттік қала құрылысы кадастрының цифрлық жүйесі арқылы пайдалануға қабылдау актісінің есебін жүргізеді.

Салыстыру қорытындысы бойынша құрылыс объектісі құрылыс салуды ұйымдастыру және рұқсат беру рәсімдерінен өту қағидаларының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда көрсетілетін қызметті берушіден құжаттарды алған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде бұл туралы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары мен тіркеуші органға жазбаша хабарлайды.

Сәйкессіздік болмаған жағдайда көрсетілетін қызметті берушіден құжаттарды алған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде тіркеуші органға жазбаша хабарлайды.

Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау органдары көрсетілетін қызметті берушіден құжаттарды алған сәттен бастап бір жұмыс күні өткенге дейін Тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген нормалар мен талаптарды сақтауы тұрғысынан салыстырып тексеруді жүргізеді.

Бұзушылықтар анықталған кезде көрсетілетін қызметті берушіден құжаттарды алған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде бұл туралы тіркеуші органға жазбаша хабарлайды және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік шараларын қолданады.

Бұзушылықтар болмаған жағдайда көрсетілетін қызметті берушіден құжаттарды алған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде бұл туралы тіркеуші органға жазбаша хабарлайды.";

7 тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) егер құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесіне келіп түскен сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін ақы төлеу туралы немесе адамды төлемнен босату туралы растау келіп түспесе.

Цифрлық тіркеу осы тармақтың 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген негіздерінде тоқтатылмайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру кезінде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға тоқтата тұрудың себептері мен мерзімдерін, құжаттың күні мен тіркеу нөмірін көрсете отырып хабарлама жібереді.

Мемлекеттік тіркеуді тоқтата тұру туралы шешімді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік тіркеуге құжаттарды қабылдаған кезден бастап құжат берілген кезге дейін, бірақ мемлекеттік тіркеу мерзімінің өтуінен кешіктірмей қабылдауы мүмкін.

Егер тіркеуді тоқтата тұру үшін негіз болған мән-жайлар бір ай ішінде жойылмаса, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын көрсетілетін қызметті алушыны кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеуден бас тарту, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы алдын ала шешім жөнінде хабардар етеді.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету туралы шешім қабылдайды немесе дәлелді бас тартуды қалыптастырады.";

көрсетілген Қағидаларға 1, 2, 3 және 4 қосымшалар осы Тізбеге 5, 6, 7 және 8 қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 16 қазандағы " Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры ақпараттық жүйесіндегі жылжымайтын мүлік объектілерінің мәліметтерін өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын бекіту туралы" № 740 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33595 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізу:

Бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры цифрлық жүйесіндегі жылжымайтын мүлік объектілерінің мәліметтерін өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған "Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры цифрлық жүйесіндегі жылжымайтын мүлік объектілерінің мәліметтерін өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры ақпараттық жүйесіндегі жылжымайтын мүлік объектілерінің мәліметтерін өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына:

Қағидалардың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры цифрлық жүйесіндегі жылжымайтын мүлік объектілерінің мәліметтерін өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары";

1, 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"1. "Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры цифрлық жүйесіндегі жылжымайтын мүлік объектілерінің мәліметтерін өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және "Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры цифрлық жүйесіндегі жылжымайтын мүлік объектілерінің мәліметтерін өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызметті көрсету (бұдан әрі-мемлекеттік қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесінде (бұдан әрі - ЖМБМК ЦЖ) жылжымайтын мүлік объектілерінің мәліметтерін өзектендіру (түзету) жылжымайтын мүлік объектілерінің өзгертілген мәліметтерін өтініш негізінде жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрына енгізуді білдіреді.

3. Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесінде жылжымайтын мүлік объектілерінің мәліметтерін өзектендіру (түзету) құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарының негізінде ЖМБМК ЦЖ-де қате мәліметтер жолданған жағдайда жүзеге асырылады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінішті (бұдан әрі-өтініш) және осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес "Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры цифрлық жүйесіндегі жылжымайтын мүлік объектілерінің мәліметтерін өзектендіру (түзету)" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі-Тізбе) көзделген құжаттарды көрсетілетін қызметті алушының жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері бойынша көрсетілетін қызметті беруші немесе "цифрлық үкіметтің" веб-порталы арқылы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) немесе екінші деңгейдегі банктердің цифрлық объектілер арқылы береді."

;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өтініш келіп түскен кезде жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу басқармасының (бөлімінің) басшысы 20 минут ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызметке өтініш қабылдайды, көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысын айқындайды және орындауға жібереді.

Көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы ұсынылған құжаттар топтамасының толықтығын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігін

тексереді және жылжымайтын мүлік объектілерінің мәліметтерін құқықтық кадастрға түзетуді өтініш келіп түскен сәттен бастап 1 жұмыс күні ішінде енгізеді.

Тиісті түзетулер енгізілгеннен кейін көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті берушінің басшылығына келісуге және қол қоюға жібереді.

Көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы қол қойған жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесіндегі жылжымайтын мүлік объектілерінің мәліметтерін өзектендіру (түзету) туралы хабарламаны осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы көрсетілетін қызметті берушінің электрондық-цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі-ЭЦҚ) куәландырылған портал арқылы көрсетілетін қызметті алушы порталының "жеке кабинетіне" немесе өтініш келіп түскен сәттен бастап 1 жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері бойынша көрсетілетін қызметті беруші арқылы жібереді.";

11 және 12 – тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"11. "Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры цифрлық жүйесіндегі жылжымайтын мүлік объектілерінің мәліметтерін өзектендіру (түзету)" Мемлекеттік корпорацияның филиалдары жүзеге асырады.

12. Цифрлық жүйе істен шыққан жағдайда көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылым операторын (бұдан әрі – оператор) және көрсетілетін қызметті алушы дереу хабардар етеді.

Бұл жағдайда оператор цифрлық жүйенің істен шығу себебін айқындау жөнінде шаралар қабылдайды және 1 жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттама (акт) жасайды және оған көрсетілетін қызметті беруші қол қояды.";

көрсетілген Қағидаларға 1, 2, 3, 4 және 5 қосымшалар осы Тізбеге 9, 10, 11, 12 және 13 қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

6. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 28 наурыздағы " Құқықтық кадастрдан ақпарат ұсыну қағидаларын бекіту туралы" № 131 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7586 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізу:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Құқықтық кадастрдан ақпарат ұсыну қағидаларына:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Құқықтық кадастрдан ақпарат ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) " Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Заңының (бұдан әрі – Заң) 17-бабына сәйкес әзірленді және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес құқықтық кадастрдан ақпаратты ұсыну тәртібін, соның ішінде, "Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары

туралы мәліметтер беру", "Жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы ақпарат беру", "Жылжымайтын мүлік объектісіне тіркелген құқықтардың ауыртпалықтары, заңды талаптары туралы мәліметтер беру", "Жылжымайтын мүлік объектілерінің жоспарын (сызбасын) қоса алғанда, тіркеуші орган куәландырған тіркеу ісі құжатының көшірмелерін беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің көрсету тәртібін айқындайды.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Құқықтық кадастрдан электрондық түрде ақпарат алуға сауал және өтініш берушінің оған қоса берілген құжаттары Мемлекеттік корпорацияның электрондық архивінде сауал берілген күннен бастап екі жыл бойы сақталады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Электрондық түрде ақпарат беру Мемлекеттік корпорацияның немесе өтініш иесінің электрондық қолтаңбасы бар болған жағдайда "цифрлық үкімет" портал арқылы жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесін (бұдан әрі – ЖМБМК) пайдаланып беріледі.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) "цифрлық үкімет" веб-портал www.egov.kz (бұдан әрі - Портал) немесе екінші деңгейдегі банктердің цифрлық объектілері арқылы осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес нысанда сұрау салады (бұдан әрі – сұрау салу).

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі мынадай қосымшаларға сәйкес келтірілген:

"Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы ақпарат беру" көрсетілетін мемлекеттік қызмет бойынша осы Қағиданың 6-қосымшасына сәйкес;

"Жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы ақпарат беру" көрсетілетін мемлекеттік қызмет бойынша Қағиданың 8-қосымшасына сәйкес;

"Жылжымайтын мүлік объектісіне тіркелген құқықтар ауыртпалықтары, заңды талаптары туралы мәліметтер беру" көрсетілетін мемлекеттік қызмет бойынша Қағиданың 12-қосымшасына сәйкес.;

19, 20 және 21-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Құқықтық кадастрдан ақпарат беру бойынша Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім береді.

20. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 5 - бабының 2 - тармағының 11)

тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен енгізуді қамтамасыз етеді.

21. ЖМБМК бұзылған жағдайда бір жұмыс күні ішінде "цифрлық үкімет" цифрлық инфрақұрылымының операторын (бұдан әрі – оператор) хабардар етеді.

Бұл жағдайда оператор 1 (бір) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттаманы жасайды және оған көрсетілетін қызметті берушімен қол қояды.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Құжаттарды қабылдау кезінде көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері жеке басын куәландыратын құжатты не көрсетілетін қызметті алушының цифрлық құжаттамалары сервисінен цифрлық құжатты мемлекеттік цифрлық жүйелердегі қамтылған мәліметтермен тексереді (сәйкестендіру үшін).";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. "Жылжымайтын мүлік объектісінің жоспарын (сызбасын) қоса алғанда тіркеуші орган куәландырған тіркеу ісі құжатының көшірмелерін беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар келіп түскен кезде көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері тізілімге сәйкес құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады және заңды тұлғаларды тіркеу басқармасына (бөліміне) жолдайды.

Жауапты орындаушы: ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкестігін тексереді; архивте тіркеу ісін іздестіруді жүзеге асырады; тіркеу ісі құжатының түпнұсқасынан көшірмені алу жолымен жылжымайтын мүлік объектілерінің жоспарын (схемасын) қоса алғанда, тіркеу ісі құжатының көшірмесін қағаз тасығышта дайындайды.

Жылжымайтын мүлік объектісінің жоспарын (сызбасын) қоса алғанда тіркеуші орган куәландырған тіркеу ісі құжатының көшірмелерін көрсетілетін қызметті беруші "көшірмесі дұрыс" деген мөртабанын қояды.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Цифрлық жүйесі бұзылған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкімет" цифрлық инфрақұрылымының операторын (бұдан әрі – оператор) дереу хабардар етеді.

Бұл жағдайда оператор цифрлық жүйенің бұзылу себебін анықтау бойынша шаралар қабылдайды 1 (бір) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттаманы жасайды және оған көрсетілетін қызметті беруші қол қояды.

Әділет министрлігі мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі және мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты олар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорацияға береді.";

көрсетілген Қағидаларға 5, 6, 8, 12 және 13 қосымшалар осы Тізбеге 14, 15, 16, 17 және 18 қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

7. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2013 жылғы 06 мамырдағы " Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрдың ақпараттық жүйесіне енгізу, жылжымайтын мүлікке мемлекеттік техникалық зерттеп-қарауды жүргізу қағидалары мен мерзімдерін, "Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортының телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары және Бастапқы және кейінгі жылжымайтын мүлік объектілеріне кадастрлық нөмір беру қағидаларын бекіту туралы" № 156 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8469 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізу:

Бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрдың цифрлық жүйесіне енгізу, жылжымайтын мүлікке мемлекеттік техникалық зерттеп-қарауды жүргізу қағидалары мен мерзімдерін, "Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортының телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары және Бастапқы және кейінгі жылжымайтын мүлік объектілеріне кадастрлық нөмір беру қағидаларын бекіту туралы";

көрсетілген бұйрықтың 1 – тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрдың цифрлық жүйесіне енгізу, жылжымайтын мүлікке мемлекеттік техникалық зерттеп-қарауды жүргізу қағидалары мен мерзімдері және "Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортының телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрдың цифрлық жүйесіне енгізу, жылжымайтын мүлікке мемлекеттік техникалық зерттеп-қарауды жүргізу қағидалары мен мерзімдері және "Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортының телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына:

Қағидалардың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрдың цифрлық жүйесіне енгізу, жылжымайтын мүлікке мемлекеттік техникалық зерттеп-қарауды жүргізу қағидалары мен мерзімдері және "Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортының телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрдың цифрлік жүйесіне

енгізу, жылжымайтын мүлікке мемлекеттік техникалық зерттеп-қарауды жүргізу қағидалары мен мерзімдерің және "Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортының телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" (бұдан әрі - Заң) және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрдың цифрлық жүйесіне енгізу тәртібі мен мерзімдерін айқындайды, жаңадан құрылған жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерінің сәйкессіздіктерін белгілеу және "Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесіне енгізу жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жүргізілген мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтықтарын белгілеу туралы қорытындыны беру" және "Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортының телнұсқасын беру".";

2 – тармақтың 3)-тармақшасына мынадай редакцияда жазылсын:

"3) камералдық жұмыстар - жылжымайтын мүлік объектісінің барлық ауданы мен көлемін есептеу, жер учаскесін және қабаттық жоспарды сызу, кадастрлық паспорт нысандарын толтыру, түгендеу ісін қалыптастыру, цифрлық жүйелерге деректерді енгізу бойынша жұмыстар";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Құқық белгілеуші құжатта қамтылған сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің жаңадан құрылған жылжымайтын мүліктің нақты деректерімен алшақтықтарын белгілеу мақсатында құқық иесі тіркеуші органға осындай алшақтықтарды анықтау үшін өтініш беруге құқылы, оның нәтижелері бойынша уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша қорытынды ресімделеді.

Алшақтықтарды анықтау жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындысы бойынша жүргізіледі.

"Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрға енгізу, жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық зерттеп-қарауды жүргізу қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытындыны беру" және "Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортының телнұсқасын беру" мемлекеттік қызметтерін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы"

коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері бойынша көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.";

2-тараудың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-бөлім. "Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке қатысты ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесіне енгізу, жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық зерттеу қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердегі сәйкессіздіктерді белгілеу туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі";

4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрға енгізу, жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытындыны беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінде (бұдан әрі - № 1 Тізбе) келтірілген.

Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесіне енгізу жөнінде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш береді, жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортын және "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы № 1 Тізбенің 8-тармағына сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтықтарын белгілеу туралы қорытынды беру: www.egov.kz (бұдан әрі – портал).

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды ұсыну кезінде:

көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" нәтижені алу орны мен күні көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға

келісімі электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) расталады не ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы алынады.

Көрсетілетін қызметті алушы № 1 Тізбеде көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлама жібереді.

Жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық зерттеп-қарау бөлімі архивінің қызметкері, түгендеу істерін іздестіруді және жауапты орындаушыға беруді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық тексеру бөлімінің қызметкері келесі әрекеттерді жасайды:

жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерін сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін дерекқорға енгізу бойынша:

жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесіне жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізеді;

көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесіне енгізу туралы хабарлама жіберіледі;

жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау у қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытындыны дайындау бойынша әзірленген кадастрлық паспортты және қорытындыны басшылыққа келісуге және қол қоюға жібереді.

Жеке кабинетіне жылжымайтын мүлік объектісін мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау бойынша орындалған жұмыс үшін қосымша ақы төлеу қажеттігі туралы хабарлама жіберіледі.

Жылжымайтын мүлік объектісіне кадастрлық паспортты беру және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытындыны беру тәртібі мен процесі осы Қағиданың 3-тарауымен регламенттелген.

Көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы ЭЦҚ арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне қол қояды.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесіне енгізу - бір жұмыс күні;

2) жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық паспортын және жылжымайтын мүлік объектісінің түріне байланысты жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытындыны беру:

пәтерлер, жатақханалардағы бөлмелер үшінші жұмыс күніне беріледі;

жеке тұрғын үйлер, жеке гараждар, саяжай құрылыстары бесінші жұмыс күніне беріледі;

жалпы ауданы 1000 шаршы метрге дейінгі қалған жылжымайтын мүлік объектілері жетінші жұмыс күні беріледі;

жалпы ауданы 1000 шаршы метрден асатын объектілер оныншы жұмыс күніне беріледі;

бірінші күрделілік санатына жататын осы тармақшаның екі және үш абзацтарында көрсетілген жылжымайтын мүлік объектілерін қоспағанда, жылжымайтын мүлік объектілері бесінші жұмыс күні беріледі.

Жылжымайтын мүлік объектісінің бірінші күрделілік санатына Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 367 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32746 болып тіркелген) Жылжымайтын мүлік объектілерін мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес төрт үй-жайдан аспайтын тік бұрышты нысандағы құрылыстар жатады.

Мерзімді одан әрі ұзарту көрсетілетін қызметті алушымен келісім бойынша объектінің күрделілік санатына байланысты жүргізіледі, бұл ретте жалпы мерзім көрсетілетін қызметті алушы жүгінген күннен бастап екі айдан аспайды.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесіне жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу туралы хабарлама не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама;

жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспорты не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама;

кадастрлық паспортты қоса бере отырып жаңадан құрылған жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерінің сәйкессіздігін белгілеу туралы қорытынды не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама.

Ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке сәйкестендіру және техникалық мәліметтерінің жүргізілген техникалық зерттеп-қарау қорытындылары бойынша алшақтықтарын белгілеу туралы қорытынды осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді.

Бұл ретте Жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау қорытындылары бойынша сәйкестендіру және техникалық мәліметтердің алшақтығын белгілеу туралы қорытындыны жылжымайтын мүлік объектілерінің кадастрлық паспортын бергені үшін қосымша ақы төленгеннен кейін көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жіберіледі, ал заңды тұлғалармен қызметтерді көрсетуге шарт жасалған кезде қосымша қол қойылған орындалған жұмыстар актісі ұсынылады.";

7-тармақтың 9) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"9) барлық жаңа және өтелген материалдар осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес бірыңғай түгендеу ісіне қалыптастырылады, өтелген материалдар жойылмайды, ал хронологиялық тәртіппен түгендеу ісіне тігіледі.

Алшақтықтарды анықтау жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау негізінде жүзеге асырылады. Анықталған сәйкессіздіктер туралы мәліметтер жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесіне енгізіледі және жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортын қоса бере отырып, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзгерістер фактілері көрсетіле отырып қорытынды дайындалады.

Кадастрлық паспортта жылжымайтын мүліктің негізгі объектісінің техникалық сипаттамалары осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша және осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтік (шаруашылық) құрылыстар мен құрылысжайлардың техникалық сипаттамалары толтырылады.

Жылжымайтын мүлік объектісінің меншік иесі ауысқан кезде кадастрлық паспорт заңды күшін сақтайды, өйткені бастапқы немесе кейінгі объектінің техникалық, сәйкестендіру сипаттамаларын қамтитын құжат болып табылады.

Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың бірлескен шешімі бойынша болып жатқан жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру сипаттамалары өзгерген кезде, оның ішінде елді мекендердің атауы, көшелердің атауы, сондай-ақ ғимараттардың, өзге де құрылыстардың (мекенжайлардың) реттік нөмірі немесе кадастрлық нөмірлер өзгерген кезде Мемлекеттік корпорация 1 жұмыс күні ішінде сол орынға бармай, өтеусіз негізде кадастрлық паспортқа түзетулер енгізеді.

Құқық белгілейтін құжатта қамтылған жаңадан құрылған жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерінің нақты деректерімен алшақтығын анықтау мақсатында құқық иеленуші көрсетілетін қызметті берушіге осындай алшақтықтарды анықтау үшін өтініш беруге құқылы.

Жылжымайтын мүлікті мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау барысында көрсетілетін қызметті беруші жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрын жүргізу үшін қажетті ғимараттардың, құрылысжайлардың және (немесе) олардың құрамдас бөліктерінің техникалық, сәйкестендіру сипаттамаларын айқындайды.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру "цифрлық үкіметтің": www.egov.kz (бұдан әрі – портал) веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға көрсетілетін қызметті алушының № 2 Тізбенің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасымен көрсетілетін қызметті берушіге өтініші негіз болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушы № 2 Тізбеде көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлама жібереді.

Жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық зерттеп-қарау бөлімі архивінің қызметкері түгендеу істерін іздестіруді және жауапты орындаушыға беруді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы телнұсқа беруден бас тарту үшін негіз болмаған жағдайда, жылжымайтын мүлік объектісің кадастрлық паспортын түгендеу ісінен көшірмесін шығарады, басшылыққа қол қою үшін жібереді.

Көрсетілетін қызметті берушінің басшылығы одан әрі мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне ЭЦҚ пайдалана отырып қол қояды.";

көрсетілген Қағидаларға 1, 2, 4, 5 және 6 қосымшалар осы Тізбеге 19, 20, 21, 22 және 23 қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қағидаларда 3-қосымшада жоғарғы оң жақ бұрышы келесі редакцияда жазылсын:

"Жаңадан құрылған
жылжымайтын мүлікке
жылжымайтын мүліктің
сәйкестендіру және техникалық
мәліметтерін құқықтық
кадастрдың цифрлық
жүйесіне енгізу, жылжымайтын
мүлікке мемлекеттік техникалық
зерттеп-қарауды жүргізу
қағидалары мен мерзімдерін
және "Жылжымайтын мүлік
объектісінің кадастрлық

паспортының телнұсқасын
беру" мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
3-қосымша";

көрсетілген қағидаларда 7-қосымшада жоғарғы оң жақ бұрышы келесі редакцияда
жазылсын:

"Жаңадан құрылған
жылжымайтын мүлікке
жылжымайтын мүліктің
сәйкестендіру және техникалық
мәліметтерін құқықтық
кадастрдың цифрлық
жүйесіне енгізу, жылжымайтын
мүлікке мемлекеттік техникалық
зерттеп-қарауды жүргізу
қағидалары мен мерзімдерін
және "Жылжымайтын мүлік
объектісінің кадастрлық
паспортының телнұсқасын
беру" мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
7-қосымша";

көрсетілген қағидаларда 8-қосымшада жоғарғы оң жақ бұрышы келесі редакцияда
жазылсын:

"Жаңадан құрылған
жылжымайтын мүлікке
жылжымайтын мүліктің
сәйкестендіру және техникалық
мәліметтерін құқықтық
кадастрдың цифрлық
жүйесіне енгізу, жылжымайтын
мүлікке мемлекеттік техникалық
зерттеп-қарауды жүргізу
қағидалары мен мерзімдерін
және "Жылжымайтын мүлік
объектісінің кадастрлық
паспортының телнұсқасын
беру" мемлекеттік қызмет
көрсету қағидаларына
8-қосымша";

көрсетілген қағидаларда 9-қосымшада жоғарғы оң жақ бұрышы келесі редакцияда
жазылсын:

"Жаңадан құрылған
жылжымайтын мүлікке
жылжымайтын мүліктің
сәйкестендіру және техникалық
мәліметтерін құқықтық
кадастрдың цифрлық
жүйесіне енгізу, жылжымайтын
мүлікке мемлекеттік техникалық
зерттеп-қарауды жүргізу

қағидалары мен мерзімдерін және "Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортының телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 9-қосымша";

көрсетілген қағидаларда 10-қосымшада жоғарғы оң жақ бұрышы келесі редакцияда жазылсын:

"Жаңадан құрылған жылжымайтын мүлікке жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін құқықтық кадастрдың цифрлық жүйесіне енгізу, жылжымайтын мүлікке мемлекеттік техникалық зерттеп-қарауды жүргізу қағидалары мен мерзімдерін және "Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортының телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына 10-қосымша".

8. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы " Жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортының нысандарын бекіту туралы" № 440 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33000 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізу:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортының нысандарына:

көрсетілген Қағидаларға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19 және 20 қосымшалар осы Тізбеге 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42 және 43 қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

9. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2007 жылғы 24 тамыздағы " Кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы" № 241 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4945 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізу:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеу ережесін бекіту туралы қағидаларына:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ережелер "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабының 5-тармағына сәйкес және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармақшасына сәйкес әзірленді және

кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеу тәртібін, сондай-ақ "Кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін белгілейді.";

4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Егер кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеу кезінде құқықтық кадастрда жер учаскесіне құқықты тіркеу туралы мәліметтер болмаса, көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған цифрлық жүйесінен алынған жер учаскесі туралы мәліметтерді енгізеді.

Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған цифрлық жүйесінде жер учаскесі туралы мәліметтер болмаған кезде көрсетілетін қызметті беруші жергілікті атқарушы органға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер учаскесіне құқықтарды рәсімдеу туралы хабарлама жібереді.

5. Кондоминиум объектісін тіркеу Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүліктің кадастрының цифрлық жүйесіне жер учаскесін, бастапқы объектілерді және кондоминиум объектісін тіркеу үшін қажетті қайталама объектілердің сипаттамаларын, сондай-ақ құқық түрі, ортақ меншік нысаны (өзге де заттық құқық) туралы мәліметтерді енгізу және кондоминиум қатысушыларының ортақ мүліктегі үлестерінің мөлшерін автоматты түрде анықтауды сәйкестендіретін тиісті мәліметтер арқылы ұсынылған құжаттар негізінде меншік құқығын растаудан тұрады";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу басқармасының (бөлімінің) қызметкері құжаттарды қабылдау бөлімінен құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады, архивтен тіркеу істерін сұратады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес "Кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне (бұдан әрі-тізбе) сәйкес көрсетілетін қызметті беруші арқылы, көрсетілетін қызметті алушының жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері бойынша немесе "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады: www.egov.kz (бұдан әрі – портал).

Көрсетілетін қызметті алушының Тізбенің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасымен көрсетілетін қызметті берушіге жүгінуі мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Көрсетілетін қызметті алушы тізбенің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбаған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қабылдау жөніндегі

қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы Тізбенің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбаған жағдайларда көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды одан әрі қараудан бас тарту туралы хабарлама жібереді.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Мемлекеттік қызметті портал арқылы көрсету тәртібі:

Көрсетілетін қызметті алушы порталда авторизациялаудан өтеді, өтініш толтырады және құжаттарды Тізбенің 8-тармағына сәйкес тіркейді.

Тіркеуші органның цифрлық жүйесінде кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеу үшін ақы төленгені туралы расталғаннан кейін жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу бөлімінің қызметкері құжаттар топтамасын қарайды, қарау нәтижелері бойынша кондоминиум объектісін тіркейді немесе тіркеуді тоқтата тұрады не Тізбенің 3 және 9-тармақтарында көзделген негіздемелер бойынша бас тарту туралы дәлелді жауап дайындайды, содан кейін мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға ұсынады.

Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы ЭЦҚ арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне қол қояды.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: ЭЦҚ арқылы қол қойылған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі туралы хабарламаны жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу бөлімінің қызметкеріне жолдау.

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу бөлімінің қызметкері мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі туралы хабарламаны көрсетілетін қызметті алушының порталдағы жеке кабинетіне жолдайды.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті тоқтата тұру бір айдан аспайтын мерзімге мынадай негіздер бойынша жүзеге асырылады:

1) сотқа берілген талап-арыздар мен өзге де өтініштер (шағымдар) негізінде соттың қаулысы (ұйғарымы) бойынша;

2) прокурорлық қадағалау актілеріне сәйкес заңның бұзылуы жойылғанға дейін;

3) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес;

4) егер қажетті құжаттардың болмауы тіркеуге құжаттарды қабылдаудан бас тарту үшін негіздер болып табылмаса, өтініш берушінің осы Заңның 21-бабына сәйкес мемлекеттік тіркеу үшін қажетті құжаттарды ұсынуы үшін;

5) мемлекеттік органдардан, егер көрсетілген мән-жайлар құжаттарды тіркеуге қабылдаудан бас тарту үшін негіздер болып табылмаса, осындай органдардан шығатын

құжаттарда ақпараттың болмауына немесе осы құжаттарда белгілі бір қарама-қайшылықтардың болуына байланысты түсініктемелер алу немесе қажетті ақпаратты талап ету үшін;

6) құқық белгілейтін құжаттардың негізінде белгіленетін тіркеу объектісінің және өтініште көрсетілген тіркеу объектісінің сәйкессіздігі кезінде олардың арасындағы қайшылықтарды жою үшін;

7) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін ақы толық төленбеген кезде;

8) егер құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде құқықтық кадастрдың цифрлық жүйесіне жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін ақы төленгені туралы немесе тұлғаның ақы төлеуден босатылғаны туралы растау келіп түспесе, тоқтатыла тұрады.

Цифрлық тіркеу осы тармақтың 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тоқтатылмайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру кезінде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға тоқтата тұрудың себептері мен мерзімдерін, құжаттың күні мен тіркеу нөмірін көрсете отырып хабарлама жібереді.

Мемлекеттік тіркеуді тоқтата тұру туралы шешімді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік тіркеуге құжаттарды қабылдаған кезден бастап құжат берілген кезге дейін, бірақ мемлекеттік тіркеу мерзімінің өтуінен кешіктірмей қабылдауы мүмкін.

Егер тіркеуді тоқтата тұру үшін негіз болған мән-жайлар бір ай ішінде жойылмаса, көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері тоқтата тұру мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 жұмыс күні бұрын көрсетілетін қызметті алушыны кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеуден бас тарту, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы алдын ала шешім жөнінде хабардар етеді.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеуді жүргізеді не мемлекеттік тіркеуден дәлелді бас тартуды қалыптастырады.";

көрсетілген Қағидаларға 1, 2 және 3 қосымшалар осы Тізбеге 44, 45 және 46 қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

10. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2007 жылғы 24 тамыздағы " Жоғалған немесе бүлінген құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беру және түпнұсқасының (куәландырылған көшірмесінің) күшін жою қағидаларын бекіту туралы " № 244 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4939 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізу:

Бұйрықтың кіріспе бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында, "Әділет органдары туралы" Қазақстан

Республикасы Заңының 7-бабын және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жоғалған немесе бүлінген құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беру және түпнұсқасының (куәландырылған көшірмесінің) күшін жою қағидаларына:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы жоғалған немесе бүлінген құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беру және түпнұсқасының (куәландырылған көшірмесінің) күшін жою қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 26 шілдедегі № 310 Заңының 36-бабының 1-тармағына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және жоғалған немесе бүлінген құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беру және түпнұсқасының (куәландырылған көшірмесінің) күшін жою тәртібін, сондай-ақ "Жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын берген кезде тіркеуші орган құқықтық кадастрдың цифрлық жүйесіне және құқықтық кадастрдың тіркеу ісінің тиісті бағандарына құқық белгілейтін құжаттың түпнұсқасының күшін жою туралы тиісті жазба енгізеді.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік көрсетілген қызметті алу үшін көрсетілетіне қызметті алушы осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес төлем ақысы бойынша (бұдан әрі-өтініш) осы Қағиданың 2-қосымшасын сәйкес "Жылжымайтын мүлік құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Тізбе) 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттарды қоса бере отырып жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері бойынша көрсетілетін қызметті беруші арқылы немесе "цифрлық үкімет" порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Содан кейін жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу басқармасының (бөлімінің) қызметкері жылжымайтын мүлікке құқықтардың (ауыртпалықтардың) пайда болуына, өзгеруіне, тоқтатылуына немесе мемлекеттік тіркеудің өзге де объектілеріне құқықтардың (ауыртпалықтардың) туындауына, тоқтатылуына негіз болып табылатын жасалатын мәміленің және (немесе) өзге де заңдық фактілердің (заңдық құрамдардың) заңдылығын тексеруді қоса алғанда, мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құжаттарды тексеруді жүзеге асырады.

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін қажетті мемлекеттік цифрлық ресурстар болып табылатын мәліметтерді жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу басқармасының (бөлімінің) қызметкері тиісті мемлекеттік цифрлық жүйелерден оның жеке электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында алады.

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу басқармасының (бөлімінің) қызметкері құқықтық кадастрдың цифрлық жүйесіне құқық белгілейтін құжаттың түпнұсқасын жою және құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беру туралы немесе Тізбенің 9-тармағында көзделген жағдайларда бас тарту туралы жазба енгізеді.

Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу басқармасының (бөлімінің) қызметкері ұсынылған құжаттар Тізбенің 8-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келген кезде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Телнұсқа" белгісі бар және тіркеуші органның мөртаңбасы қойылып жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын дайындайды.

Телнұсқаны беруден бас тартқан жағдайда жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу басқармасының (бөлімінің) қызметкері Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша бас тарту туралы жазбаша хабарламаны дайындайды және көрсетілетін қызметті алушыға (өтініш берушінің уәкілетті өкіліне) жолдайды.

Телнұсқаны дайындау немесе бас тарту туралы хабарламаны дайындау бойынша рәсімді жүзеге асырғаннан кейін құжаттар басшылыққа қарауға, кейіннен қол қою үшін жіберіледі.

Қол қойылған құжаттар, құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасы немесе құқық белгілейтін құжаттың телнұсқасын беруден бас тарту туралы хабарлама кейіннен көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін құжаттарды қабылдау және беру бөліміне беріледі.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Әділет министрлігі қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты өтінішті қабылдауды және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беруді жүзеге асыратын ұйымдарға көрсетілетін қызметті берушіге және бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.";

көрсетілген Қағидаларға 1, 2 және 3 қосымшалар осы Тізбеге 47, 48 және 49 қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

11. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы " Құқықтық кадастрда жылжымайтын мүлікке құқықтарды жүйелі түрде тіркеу жүргізу

қағидаларын бекіту туралы" № 110 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10539 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізу:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Құқықтық кадастрда жылжымайтын мүлікке құқықтарды жүйелі түрде тіркеу жүргізу қағидаларына:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Жылжымайтын мүлікке бұрын туындаған құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды) жүйелі түрде тіркеу құқық иеленушілердің өтініші келіп түскен және (немесе) бұрын туындаған құқықтар (құқықтық ауыртпалықтар) туралы шынайы деректер басқа цифрлық жүйелерден ауыстырылған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Жылжымайтын мүлікке бұрын туындаған құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды) жүйелі тіркеу құқық иеленушілерінің өтініш беруі арқылы және (немесе) бұрын туындаған құқықтар (құқықтық ауыртпалықтар) туралы шынайы деректерді мемлекеттік органдардың басқа цифрлық жүйелерінен ауыстыру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.";

12. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 22 ақпандағы "Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы нұсқаулықты бекіту туралы" № 14 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 913 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізу:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы нұсқаулыққа:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы осы нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" 1998 жылғы 30 маусымдағы № 254 Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабына сәйкес әзірленген және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

Нұсқаулық Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының қолдануына жатады, заңнамаға сәйкес оған жылжымалы мүлік кепілінің жекелеген түрлерін тіркеу жүктелген.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Нұсқаулықта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға

олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) көрсетілетін қызметті алушы (уәкілетті өкіл) – көрсетілетін қызметті алушыға кепілді тіркеу туралы өтінішті беретін тұлға; кепіл міндеттемесі тараптарының келісімі бойынша кепіл беруші, сол сияқты кепіл ұстаушы өтініш беруші бола алады;

3) жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі – жылжымалы мүлік кепілі ақпаратына қол жеткізудің, жылжымалы мүлік кепілін тіркеуге электрондық нысанда өтініш жіберудің бірыңғай терезесін және көрсетілетін қызметті берушінің осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жасалатын өзге де әрекеттерін білдіретін цифрлық жүйе (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті берушінің цифрлық жүйесі);

4) жылжымалы мүлік – көлік құралдарын, айналымдағы тауарларды, бағалы қағаздарды, ақшаны, мүліктік құқықтарды, оның ішінде болашақтағы өнімге және өзге де мүлікке құқықты қоса алғанда, жылжымайтын мүлікке жатпайтын мүлік;

5) жылжымалы мүлік кепілін тіркеу – жылжымалы мүлік кепілінің тізіліміне кепіл туралы шарттағы немесе кепіл талаптары қамтылған өзге де шарттағы мәліметтерді енгізу жөнінде жылжымалы мүлік кепілін тіркеу кезінде туындайтын қатынастарға қатысушылар әрекеттерінің жиынтығын, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік беруді және көрсетілетін қызметті беруші осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жасалатын өзге де әрекеттерін білдіретін, көрсетілетін қызметті берушінің жылжымалы мүлік кепілін есепке алу рәсімі;

6) жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы куәлік – көрсетілетін қызметті берушінің өтініш берушіге беретін және жылжымалы мүлік кепілін тіркеу фактісін растайтын құжат;

7) жылжымалы мүлік кепілінің тізілімі (кепіл тізілімі) – көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын ақпаратты есепке алу және сақтау жүйесі;

8) кепілді цифрлық тіркеу – жылжымалы мүлік кепілінің бірыңғай тізілімі арқылы электрондық нысандағы өтініш негізінде жүзеге асырылатын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу;"

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру қызметті беруші www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы не осы Нұсқаулықтың 1 - қосымшасына сәйкес баяндалған "Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсету тізбесіне (бұдан әрі - Тізбе) сәйкес екінші деңгейдегі банктердің цифрлық объектілері арқылы жүзеге асырылады.

6. Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу, " Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы" Заңның 5-бабына сәйкес Министрлік айқындайтын тәртіппен көрсетілетін қызметті алушының "цифрлық үкімет" веб-порталы, сондай-ақ өзге де екінші деңгейдегі банктердің цифрлық объектілері арқылы берген өтініші негізінде жүргізіледі.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсырған кезден бастап өтініш қабылданған кезден бастап 2 жұмыс күні ішінде;

www.egov.kz порталында немесе екінші деңгейдегі банктердің цифрлық объектілері мемлекеттік қызмет тіркеуші органның цифрлық жүйесіне жылжымалы мүлік кепілін мемлекеттік тіркеу үшін алымның төленгені туралы растау келіп түскен немесе төлемнен босатылған кезден бастап 1 жұмыс күні ішінде көрсетіледі.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімі жазбаша нысанда немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен расталған не ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы алынады.";

15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес цифрландыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесіне енгізеді.

16. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының цифрлық жүйесі бұзылған жағдайда бір жұмыс күні ішінде "цифрлық үкімет" цифрлық инфрақұрылымының операторын (бұдан әрі – оператор) хабардар етеді.

Бұл жағдайда оператор Нұсқаулықтың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде техникалық проблема туралы хаттаманы жасайды және оған көрсетілетін қызметті берушімен қол қояды.";

көрсетілген Қағидаларға 1, 2, 4, 5, 8, 9 және 10 қосымшалар осы Тізбеге 50, 51, 52, 53, 54, 55 және 56 қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

13. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2018 жылғы 31 шілдедегі " Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы статистикалық және өзге де есептік ақпаратты беру қағидаларын бекіту туралы" № 1192 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17348 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізу:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласындағы статистикалық және өзге де есептік ақпаратты беру қағидаларына:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік корпорацияның филиалдары өсу қорытындысымен ай сайын келесі есептік кезеңнен кейінгі 5-і күніне қарай көрсетілген статистикалық ақпараттың келесі түрлерін Мемлекеттік корпорацияға:

Мемлекеттік корпорацияның құқықтық кадастр цифрлық жүйесіне ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) жылжымайтын мүлікке қайта салынған олардың құрамдастары сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы мәліметтер осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша;

Мемлекеттік корпорацияның ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын мемлекеттік техникалық зерттеп-қарау бойынша қызметінің негізгі көрсеткіштері туралы мәліметтер осы Қағидалардың 10-қосымшаға сәйкес, нысан бойынша электронды түрінде ұсынады.";

көрсетілген Қағидаларға 1, 9 және 10 қосымшалар осы Тізбеге 57, 58 және 59 қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

14. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 18 наурыздағы " Құқықтық және өзге де кадастрларды жүргізу мақсатында ақпарат алмасу бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту туралы" № 164 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11102 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізу:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Құқықтық және өзге де кадастрларды жүргізу мақсатында ақпарат алмасу бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау қағидаларына:

"3. Осы Қағида мемлекеттік жер кадастрының жүргізілуін ұйымдастыруды жүзеге асыратын орталық уәкілетті органға, сәулет, қала құрылысы және құрылысы істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға, сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметімен сабақтас болып табылатын мәселелер бойынша олардың арнайы өкілеттіктерінің шегінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына, жылжымайтын мүлік объектілерін мемлекеттік техникалық тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындарға, тіркеуші органдарға, тұрғын үй құрылысының біріңғай операторы (бұдан әрі - уәкілетті органдар) қолданылады.

5-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) өзге де кадастрлары ретінде - мемлекеттік жер кадастры, мемлекеттік қала құрылысы кадастры және мемлекеттік органдардың цифрлық жүйесі деп ұғынылады,";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Құқықтық кадастрды тіркеуші органдар жүргізеді және жылжымайтын мүлікке және өзге де тіркеу объектілеріне қолданыстағы және тоқтатылған құқықтар, жылжымайтын мүліктің сәйкестендіру сипаттамалары туралы ақпаратты, құқық иелері

туралы мәліметтерді, құқықтық кадастрдан мәліметтерді сұратудың болуы туралы ақпаратты қамтиды. Құқықтық кадастр цифрлық жүйеден тұрады.";

8, 9, 10, 11, 12, 13 және 14-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқық ауыртпалықтарын) мемлекеттік тіркеу туралы барлық жазбаларды тіркеуші орган құқықтық кадастрдың цифрлық жүйесіне енгізеді.

9. Құқықтық кадастрдың бірыңғай цифрлық жүйесін Қазақстан "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы қалыптастырады.

10. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің, тұрғын үй құрылысының бірыңғай операторының құқықтық және өзге де кадастрларды жүргізу мақсатында ақпарат алмасуы жөніндегі цифрлық жүйелерінің ақпараттық өзара іс-қимылының интеграциясы "Киберқауіпсіздік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүргізіледі.

11. Құқықтық және өзге де кадастрларды жүргізуге қажетті ақпарат алмасу заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың цифрлық жүйесіне рұқсат беру жолымен цифрлық коммуникация құралдары арқылы жүзеге асырылады.

12. Цифрлық жүйелерді ықпалдастыру сәтінен бастап мемлекеттік органдардың арасында қағаз түріндегі сұрау салулар тоқтатылады.

13. Мемлекеттік органдарда республикалық деңгейде бірыңғай цифрлық жүйе болмаған жағдайда, құқықтық және өзге де кадастрларды жүргізу мақсаты үшін қажетті ақпарат алмасу осындай жүйе енгізілгеннен кейін жүзеге асырылады.

14. Уәкілетті органдар бірыңғай цифрлық жүйеге көшкенге дейін қажетті мәліметтерді қағаз және (немесе) электронды жеткізгіштерде ұсыну жолымен ақпарат алмасуға болады."

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне

1-қосымша

"Міндетті мемлекеттік тіркеуге
жатпайтын жылжымалы мүлік
кепілі туралы мәліметтерді
өзектендіру (түзету)"

мемлекеттік қызметін көрсету
қағидаларына

1-қосымша

Нысан

"Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілі туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызмет көрсетудің негізгі талаптарының тізбесі

1

Қызмет берушінің атауы

"Азаматтарға арналған үкімет"
мемлекеттік корпорациясы"

		коммерциялық емес акционерлік қоғамы
2	Мемлекеттік қызметтерді ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы; 2) цифрлық үкіметтің веб-порталы : www.egov.kz
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	1) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын тапсырған кезден бастап: мемлекеттік қызмет өтініш қабылданған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде көрсетіледі; 2) "цифрлық үкімет" порталында: www.egov.kz . мемлекеттік қызмет бір жұмыс ішінде көрсетіледі.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара цифрландырылған) /қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы қағаз жеткізгіште: - міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын, жылжымалы мүлік кепілдігін тіркеу туралы куәлік, кепілдің тоқтатылуы туралы хабарлама немесе осы Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздемелер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап; 2) www.egov.kz порталы арқылы цифрлық форматта: міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілдігін тіркеу туралы куәлік, кепілдің тоқтатылғаны туралы хабарлама немесе осы Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздемелер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын ақы мөлшері, және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алудың тәсілдері	тегін
		1) Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін

7	көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және цифрлық объектілерінің жұмыс кестесін	<p>қызметтердің дайын нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорация арқылы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мерекелік күндерден басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады.</p> <p>2) портал - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
8	мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін	<p>Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген кезде: - осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;</p> <p>- растайтын құжат (кепіл шарты, жылжымалы мүлік кепілді тіркеу туралы куәлік).</p> <p>Портал арқылы жүгінген кезде:</p> <p>- өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған қажетті түзетуді жүргізу себебін көрсете отырып, өтініш (сұрау салу);</p> <p>- растайтын құжат (кепіл шарты, кепілді тіркеу туралы куәлік).</p>
9	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер	<p>1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін өтініш беруші ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;</p> <p>2) кепілді тіркеу туралы өтінішті толтырудың толық болмауы;</p>

		3) кепілді тіркеу туралы тиісті емес тұлғаның өтінішпен жүгінуі;
10	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Өз-өзіне қызмет көрсету, өздігінен қозғалуды, бағдар жасауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе жартылай жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік көрсетілетін қызметті беруші құжаттар қабылдауды 1414, 88000807777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну жолымен тұратын жеріне бара отырып жүргізеді.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылған – www.gov.kz. Көрсетілетін қызметті алушы ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірін тіркеген және порталдың есептік жазбасына қосқан жағдайда электрондық цифрлық қолтаңба немесе бір реттік пароль пайдаланылған жағдайда мемлекеттік қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қолжетімділік режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады.</p> <p>Цифрлық құжаттар сервисі мобильдік қосымшада және пайдаланушылардың цифрлық жүйелерінде авторизацияланған субъектілер үшін қолжетімді.</p> <p>Субъект мобильдік қосымшада және пайдаланушылардың цифрлық жүйелерінде қолжетімді әдістермен авторизациялаудан өтеді, бұдан әрі "Цифрлық құжаттар" бөлімінде одан әрі пайдалану үшін қажетті құжатты қарайды.</p>

Өзгерістер енгізілетін кейбір

бұйрықтардың тізбесіне
2-қосымша
"Міндетті мемлекеттік тіркеуге
жатпайтын жылжымалы мүлік
кепілі туралы мәліметтерді
өзектендіру (түзету)"
мемлекеттік қызметін көрсету
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Өтініш

("Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ филиалы) Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілі туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) туралы өтініш № _____

Кепіл беруші

— (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні және жылы, ЖСН, заңды тұлғаның

атауы және БСН)

Жеке басты куәландыратын құжат: түрі _____ сериясы _____ № _____

— _____ жылы _____

берген

(құжатты берген органның атауы)

Пошталық мекенжайы, телефоны _____

— _____ атынан әрекет ететін

(уәкілетті өкілдің деректемелері)

негізінде

(өкілеттігін куәландыратын құжаттың деректемелері)

байланысты қате мәліметтерді түзетуді сұраймын:

— Шартты жасасқан күн

Шартты жасасқан орын

Кепіл нысанасы туралы мәліметтер (жылжымалы мүліктің тізбесі мен сипаттамасы)

Кепіл нысанасы құны

Кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің ақшалай баламасы _____

Кепілмен қамтамасыз етілген міндеттеменің қолданыс мерзімі _____

Кепілге қойылған мүлік:

кепіл берушінің _____ кепіл ұстаушының _____ иелігінде және пайдалануында қалады.

Оны пайдалануға болатыны: Иә/Жоқ (керек емесін сызып тастаңыз)

Қайта кепілге қою туралы мәліметтер: Иә/Жоқ (керек емесін сызып тастаңыз).

Өтініш берушінің электрондық поштасының мекенжайы _____

Өтінішке қоса беремін: (құжаттың атауы, сериясы, нөмірі, қашан және кім берген)

1. _____

2. _____

Өтініш берілген күн: 20__ жылғы _____

Өтініш қабылданған күн: 20__ жылғы _____

Өтініш берушінің не оның өкілінің қолы: _____

Тіркеушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және қолы _____

Уақыты: _____ сағат _____ минут.

Ескертпе: Цифрлық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін. Көрсетілетін қызметті алушы өзі көрсеткен тұрғылықты жерінің (орналасқан жерінің) мекенжайы, жұмыс орны, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі, электрондық мекенжайы дұрыс екендігін, ал көрсетілген

байланыстарға жіберілген хабарлама (хабархат) тиісті және жеткілікті деп саналатындығын өзінің қолтаңбасымен растайды.

_____ 20__ жылғы "___" _____.
(қолы) (күні)

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне

3-қосымша

"Міндетті мемлекеттік тіркеуге
жатпайтын жылжымалы мүлік
кепілі туралы мәліметтерді
өзектендіру (түзету)"

мемлекеттік қызметін көрсету
қағидаларына

4-қосымша

Нысан

Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүліктің кепілі туралы мәліметтерді өзектендіруден (түзетуден) дәлелді бас тарту туралы хабарлама

Өтініштің бірегей №: _____ Күні _____

— Бас тартудың негізі: _____

—
—
—
—
(қолданыстағы заңнаманың сілтемесі бар, дәлелді бас тартудың мәтіні Мемлекеттік корпорацияда қалыптастырылады)

Осы құжат Қазақстан Республикасының Цифрлық Кодексінің 62-бабының 2-тармағына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдей.

"Жылжымайтын мүлік кепілінің тізілімдемесі" цифрлық жүйесінен алынған және тиісті Мемлекеттік корпорацияның электрондық-цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне

4-қосымша

"Міндетті мемлекеттік тіркеуге
жатпайтын жылжымалы мүлік
кепілі туралы мәліметтерді
өзектендіру (түзету)"

мемлекеттік қызметін
көрсету қағидаларына

5-қосымша

Нысан

Тегі, аты, әкесінің аты

(болған жағдайда)
немесе көрсетілетін қызметті
алушы ұйымның атауы)

көрсетілетін қызметті
алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, көрсетілетін қызметті берушінің филиалы (мекенжайы көрсетіледі) Сіз қызмет көрсетуге қойылатын талаптарға негізделген тізбеде көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға байланысты мемлекеттік қызмет көрсетуге (мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесіне сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын көрсету), құжаттарды, сондай-ақ қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

- 1 _____ ;
- 2 _____ ;
- 3

Осы қолхат 2 данада, әрбір тарапқа біреуден жасалды.

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (Көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің) (қолы)

Орындаушы: тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Телефоны _____

Алдым: _____

көрсетілетін қызметті алушының / тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) қолы

20__ жылғы " __ " _____

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
5-қосымша
"Жылжымайтын мүлікке
құқықтарды (ауыртпалықтарды)
мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік
көрсетілетін қызметтің
ережелеріне
1-қосымша
Нысаны

("Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ филиалы)

Жеке тұлға үшін жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды)

мемлекеттік тіркеу туралы № _____ өтініш

(Т.А.Ә. (болған жағдайда - әкесінің аты) бұдан әрі – Т.А.Ә) _____

ЖСН және тұратын жері _____

Жеке басын куәландыратын құжат: түрі _____, сериясы _____,
№ _____ Берілді _____, берілген күні
(егер өтініш беруші біреуден артық болса, ақпаратты қайталау)

_____ негізінде
(өкілеттігін куәландыратын құжаттың деректемелері)
_____ атынан іс-әрекет ететін
(уәкілетті өкіл толтырады)

мекенжайы бойынша орналасқан жылжымайтын мүлік объектісіне құқықтың
/пайда болуын, ауыртпалығын, тоқтатылуын/ (керегінің астын сызу)
тіркеуді сұраймын (сұраймыз).

Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1. Төленгені туралы құжат: түрі _____ № _____ сомасы _____ теңге;
2. Жылжымайтын мүлікке құқығын растайтын құжат _____

(атауы, сериясы, нөмірі, қашан және кім берді)

3. Некеде тұрғанын немесе тұрмағанын растайтын мәліметтер _____

меншік иесі туралы мәліметтер қажет пе Иә/Жоқ (керек емесін сызып тастау)
Сатып алынатын немесе сатылатын активтердің жиынтық баланстық құны
Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасында белгіленген
мөлшерден аса ма Иә/Жоқ (керек емесін сызып тастау)

(күні) (өтініш берушінің қолы) (өтініш берушінің Т.А.Ә. (болған кезде)

(өтініш қабылдаған маманның Т.А.Ә. және қолы)

Өтініш берген күні: _____ 20__ ж. Уақыты _____ сағ _____ мин
Өтінішті орындау /қарау/ нәтижесі _____

Тексерілді: күні _____ 20__ ж.

(тіркеуші маманның Т.А.Ә. және қолы)

Ескертпе: Егер тіркеуге арналған өтініште сатып алынатын немесе сатылатын активтердің жиынтық баланстық құны Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасында белгіленген мөлшерден асып кеткендігі туралы мәліметтер болса, онда өтініш беруші монополияға қарсы органның алдын ала жазбаша келісімін ұсынады. Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, цифрлық жүйелерде қамтылған мәліметтерді пайдалануға келісемін.

20__ жылғы " __ " _____ (қолы)

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
6-қосымша
"Жылжымайтын мүлікке
құқықтарды (ауыртпалықтарды)
мемлекеттік тіркеу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызметтің ережелеріне
2-қосымша
Нысан

("Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ филиалы)

**Заңды тұлға үшін жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтарды
ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу туралы**

№ _____ өтініш

Заңды тұлғаның толық атауы _____

Мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі _____, БСН: _____

Заңды мекенжайы _____

(Т.А.Ә.(болған жағдайда - әкесінің аты) (бұдан әрі – Т.А.Ә) басшысының немесе уәкілетті өкілдің _____

_____ негізінде

(өкілеттігін куәландыратын құжаттың деректемелері)

_____ атынан іс әрекет ететін (уәкілетті өкіл толтырады)

мекенжайы бойынша орналасқан жылжымайтын мүлік объектісіне құқықтың /пайда болуын, ауыртпалығын, тоқтатылуы/ (керегінің астын сызу) тіркеуді сұраймын (сұраймыз).

Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1. Ақы төленгені туралы құжат: түрі _____ № _____ сомасы _____ теңге

2. Жылжымайтын мүлікке құқығын растайтын құжат _____

(атауы, сериясы, нөмірі, қашан және кім берді)

Меншік иесі туралы мәлімет қажет пе Иә/Жоқ (керек емесін сызып тастау)

Сатып алынатын немесе сатылатын активтердің жиынтық баланстық құны

Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасында белгіленген мөлшерден асып кетеді ме Иә/Жоқ (керек емесін сызып тастау)

_____/_____/_____

(күні) (басшысының немесе уәкілетті өкілдің қолы) (Т.А.Ә.)

(өтініш қабылдаған маманның Т.А.Ә. және қолы)

Өтініш берген күн: _____ 20__ ж. Уақыты _____ сағ _____ мин

Өтінішті орындау /қарау/ нәтижесі _____

Тексерілді: күні _____ 20__ ж.

(Т.А.Ә. және өтініш қабылдаған маманның қолы)

Ескертпе: Егер тіркеуге арналған өтініште сатып алынатын немесе сатылатын активтердің жиынтық баланстық құны Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасында белгіленген мөлшерден асып кететіндігі туралы мәліметтер болса, онда өтініш беруші монополияға қарсы органның алдын ала жазбаша келісімін ұсынады. Заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, цифрлық жүйелерде қамтылған мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Цифрлық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Көрсетілетін қызметті алушы өзі көрсеткен тұрғылықты жерінің (орналасқан жерінің) мекен-жайы, жұмыс орны, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі, электрондық мекенжайы дұрыс екендігін, ал көрсетілген контактілерге жіберілген хабарлама (хабархат) тиісті және жеткілікті деп саналатындығын өзінің қолтаңбасымен растайды.

_____ " ____ " _____ 20__ ж.

(қолы)

Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесіне
7-қосымша
"Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу"
мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына
3-қосымша

"Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы: "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу"

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:

1. Меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын, жедел басқару құқығын, жерді пайдалану құқығын кемінде бір жыл мерзімге, үстем жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүлік объектісінің пайдасына сервитутты кемінде бір жыл мерзімге мемлекеттік тіркеу.
2. Құқықтық кадастрды жүргізу үшін қажетті жылжымайтын мүлік объектісінің сәйкестендіру сипаттамаларының өзгерістерін, құқықтық кадастрдың тіркеу парағында қамтылған құқық иеленуші туралы мәліметтердің өзгерістерін, заң актісі негізінде құқық түрі өзгерген жағдайды қоспағанда, құқық түрінің өзгерістерін; егер олар тіркеу парағында қамтылған мәліметтерге қатысты болса, шарттар талаптарының өзгерістерін тіркеу белгіленетін құқықтар көлеміне әсер етеді. жылжымайтын мүлік объектісіне немесе егер олар тараптардың келісімі бойынша тіркелуі керек болса.
3. Пайдалану құқығын кемінде бір жыл мерзімге мемлекеттік тіркеу, оның ішінде жалдау, өтеусіз пайдалану, сервитуттар, өмір бойы асырау ұстау құқығын кезінде, рента; сенімгерлік басқару құқығын, оның ішінде қорғаншылық, қамқоршылық, мұрагерлік құқықтық қатынастарда, банкроттықта және басқалар; кепіл; қамауға алу; пайдалануға шектеулер (тыйым салу), мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде салатын жылжымайтын мүлікке немесе белгілі бір жұмыстарды орындауға билік ету; басым мүдделерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жылжымайтын мүлікке құқықтардың өзге де ауыртпалықтары.
4. Банкроттық рәсімдерінде жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтар ауыртпалықтарын) мемлекеттік тіркеу.
5. Заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру кезінде құқықтарды мемлекеттік тіркеу.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Барлық кіші түрлері бойынша: "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы; "цифрлық үкіметтің" веб-порталы; 1) Екінші деңгейдегі банктер; 2) Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйесі; 3) Атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесі; 4) Салықтық әкімшілендірудің интеграцияланған цифрлық жүйесінің цифрлық объектілері арқылы
		Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап: нотариаттық куәландырылмаған мәмілелерді, сондай-ақ ауыртпалықтардың және заңдық талаптардың тоқтатылуын қоспағанда, жылжымайтын

мүлікке құқықтардың (құқықтар ауыртпалықтарының) және мемлекеттік тіркеудің өзге де объектілерінің туындауын, өзгеруін немесе тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу бойынша – көрсетілетін қызметті берушіге өтініш келіп түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді, бұл ретте мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір күн бұрын ұсынады;

нотариалды куәландырылмаған мәмілені, сондай-ақ ауыртпалықтардың және заңдық талаптардың тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу бойынша – көрсетілетін қызметті берушіге өтініш түскен сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде.

Көрсетілетін қызметті алушы Портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген жағдайда көрсетілген мерзім бір жұмыс күні ішінде цифрлық үкіметтің төлем шлюзі арқылы төлем расталған сәттен бастап есептеледі.

Жеделдетілген тәртіппен цифрлық тіркеу жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін ақы төлеу немесе төлемнен босату туралы растау жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесіне түскен сәттен бастап екі сағат ішінде жүргізіледі.

Цифрлық технологияларды қолдана отырып, жылжымайтын мүлікке кепілдің туындауы, өзгеруі, тоқтатылуы бөлігінде құқықтарды (құқықтар ауыртпалықтарын) цифрлық тіркеу электрондық өтінімнің құқықтық кадастрының цифрлық жүйесіне түскен сәттен бастап екі сағат ішінде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 20 минут;

Көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 20 минут.

Мемлекеттік қызмет келесі жағдайларда бір айдан аспайтын мерзімге тоқтатылады:

- 1) сотқа берілген талап қою және өзге де арыздар (шағымдар) негізінде соттың қаулысы (ұйғарымы) бойынша;
- 2) заң бұзушылық жойылғанға дейін прокурорлық қадағалау актілеріне сәйкес жүргізіледі;
- 3) "Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес;
- 4) егер қажетті құжаттардың болмауы құжаттарды тіркеуге қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылмаса, өтініш берушінің мемлекеттік тіркеуге қажетті құжаттарды ұсынуы үшін;
- 5) егер көрсетілген мән-жайлар құжаттарды тіркеуге қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылмаса, мемлекеттік органдардан осындай органдардан шығатын құжаттарда ақпараттың болмауына немесе осындай құжаттарда қайшылықтардың болуына байланысты түсініктемелер алу немесе қажетті ақпаратты талап ету үшін;
- 6) құқық белгілейтін құжаттардың негізінде белгіленетін тіркеу объектісі мен өтініште көрсетілген тіркеу объектісі сәйкес келмеген кезде олардың арасындағы қайшылықтарды жою үшін кері қайтарып алуға құқылы.
- 7) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу үшін ақы толық төленбеген кезде;
- 8) егер құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі

		<p>құқықтық кадастрдың цифрлық жүйесіне келіп түскен кезден бастап үш жұмыс күні ішінде жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін ақы төленгені немесе адамды ақы төлеуден босату туралы растау келіп түспесе.</p> <p>Цифрлық тіркеу осы Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінің 3-тармағының 4) және 6) тармақшаларында көрсетілген негіздері бойынша тоқтатылмайды.</p> <p>Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтар ауыртпалықтарын) жеделдетілген тәртіппен мемлекеттік тіркеу арыз иесінің қалауы бойынша тіркеуші органға өтініш келіп түскен күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жеделдетілген тәртіппен жүргізіледі.</p>
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	<p>Барлық түрлері бойынша: Электрондық (ішінара цифрландырылған) және (немесе) қағаз түрінде.</p>
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	<p>Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:</p> <p>1) жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу жүргізілгені туралы белгісі бар құқық белгілейтін құжат;</p> <p>2) мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.</p> <p>ЦҮП/БНЦЖ/цифрлық объектілер арқылы жүгінген кезде:</p> <p>1) жүргізілген мемлекеттік тіркеу туралы хабарлама;</p> <p>2) мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.</p>
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында	<p>Мемлекеттік тіркеу үшін төлем " Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу саласында мемлекеттік монополияға жатқызылған, " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін</p>

	көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	қызметтердің) бағаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі Министрінің 2024 жылғы 9 сәуірдегі № 212/НҚ бұйрығымен белгіленген тарифтерге сәйкес алынады.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі	<p>1) жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын Мемлекеттік корпорация филиалдарында – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден сағат 18.30-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-тен 14.30-ға дейін;</p> <p>2) құжаттарды қабылдау және беру жөніндегі Мемлекеттік корпорацияның филиалдарында-дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету кезекші бөлімдері дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін;</p> <p>3) цифрлық тіркеу кезінде БНЦЖ арқылы нотариустың жұмыс кестесіне сәйкес;</p> <p>4) портал/цифрлық объектілері – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, жексенбі және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
		Өтініштерді қабылдауды жүзеге асыратын ұйымдар бөлінісіндегі құжаттар тізбесі (мемлекеттік

қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың толық тізбесі), сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің кіші түрлері:

- "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына:

1. Меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын, жедел басқару құқығын, жерді пайдалану құқығын кемінде бір жыл мерзімге, үстем жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүлік объектісінің пайдасына сервитутты кемінде бір жыл мерзімге мемлекеттік тіркеу.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын, жедел басқару құқығын, жерді пайдалану құқығын кемінде бір жыл мерзімге, үстем жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүлік объектісінің пайдасына сервитутты кемінде бір жыл мерзімге мемлекеттік тіркеу туралы өтініш;

Ортақ бірлескен меншік құқығының туындауын, өзгеруін немесе тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу кезінде тіркеу туралы өтінішті барлық қатысушылар не олардың біреуі нотариаттық тәртіппен куәландырылған қалған қатысушылардың келісімін ұсына отырып беруі мүмкін.

Ортақ үлестік меншік құқығының (өзге де жалпы құқықтың) туындауын, өзгеруін, тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу кезінде мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті барлық қатысушылар (уәкілетті өкілдер) береді.

2) Меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын, жедел басқару құқығын, жерді пайдалану құқығын кемінде бір жыл мерзімге, үстем жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын

мүлік объектісінің пайдасына кемінде бір жыл мерзімге растайтын құқық белгілейтін құжат.

Жер учаскесіне жер пайдалану құқығы тіркелген жағдайда жер учаскесіне сәйкестендіру құжаты ұсынылады.

2. Құқықтық кадастрды жүргізу үшін қажетті жылжымайтын мүлік объектісінің сәйкестендіру сипаттамаларының өзгерістерін, құқықтық кадастрдың тіркеу парағында қамтылған құқық иеленуші туралы мәліметтердің өзгерістерін, заңнамалық актісі негізінде құқық түрі өзгерген жағдайды қоспағанда, құқық түрінің өзгерістерін; егер олар тіркеу парағында қамтылған мәліметтерге қатысты болса, шарттар талаптарының өзгерістерін тіркеу белгіленетін құқықтар көлеміне әсер етеді, жылжымайтын мүлік объектісіне немесе егер олар тараптардың келісімі бойынша тіркелуі керек болса.

1) Заңнамалық акті негізінде құқық түрі өзгерген жағдайды қоспағанда, құқықтық кадастрды жүргізу үшін қажетті жылжымайтын мүлік объектісінің сәйкестендіру сипаттамаларының өзгерістерін, құқықтық кадастрдың тіркеу парағында қамтылған құқық иесі туралы мәліметтердің өзгерістерін, құқық түрінің өзгерістерін мемлекеттік тіркеу туралы өтініш; егер олар тіркеу парағындағы мәліметтерге қатысты болса, жылжымайтын мүлік объектісіне белгіленетін құқықтардың көлеміне әсер етсе немесе олар қосымшаға және (немесе) Қағидаларға сәйкес нысан бойынша тараптардың келісімі бойынша тіркелуге тиіс болса; ортақ бірлескен меншік құқығының туындауын, өзгеруін немесе тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу кезінде тіркеу туралы өтініш барлық қатысушылар не

олардың біреуі нотариаттық тәртіппен куәландырылған қалған қатысушылардың келісімін ұсына отырып беруі мүмкін.

Ортақ үлестік меншік құқығының (өзге де жалпы құқықтың) туындауын, өзгеруін, тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу кезінде мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті барлық қатысушылар (уәкілетті өкілдер) береді.

2) Заңнамалық акті негізінде құқық түрі өзгерген жағдайды қоспағанда, құқықтық кадастрды жүргізу үшін қажетті жылжымайтын мүлік объектісінің сәйкестендіру сипаттамаларының өзгерістерін, құқық иеленуші туралы құқықтық кадастрдың тіркеу парағында қамтылған мәліметтердің өзгерістерін, құқық түрінің өзгерістерін;

егер олар тіркеу парағында қамтылған мәліметтерге қатысты болса, шарттар талаптарының өзгерістерін тіркеуді растайтын құқық белгілейтін құжат, жылжымайтын мүлік объектісіне белгіленген құқықтардың көлеміне әсер етеді немесе егер олар тараптардың келісімі бойынша тіркелуі керек болса.

3. Пайдалану құқығын кемінде бір жыл мерзімге мемлекеттік тіркеу, оның ішінде жалдау, өтеусіз пайдалану, сервитуттар, асырауындағы өмір бойы ұстау құқықтары, рента; сенімгерлік басқару құқықтары, оның ішінде қорғаншылық, қамқоршылық, мұрагерлік құқықтық қатынастарда, банкроттықта және басқалар; кепіл; қамауға алу; пайдалануға шектеулер (тыйым салу), мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде салатын жылжымайтын мүлікке немесе белгілі бір жұмыстарды орындауға билік ету; басым мүдделерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жылжымайтын мүлікке құқықтардың өзге де ауыртпалықтары.

1) Пайдалану құқығын кемінде бір жыл мерзімге мемлекеттік тіркеу туралы өтініш, оның ішінде жалдау, өтеусіз пайдалану, сервитуттар, асырауындағы өмір бойы ұстау құқықтары, рента; сенімгерлік басқару құқықтары, оның ішінде қорғаншылық, қамқоршылық, мұрагерлік құқықтық қатынастарда, банкроттықта және басқалар; кепіл; қамауға алу; шектеулер (тыйым салулар) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар салатын жылжымайтын мүлікті пайдалануға, оған билік етуге немесе белгілі бір жұмыстарды орындауға; қосымшаға және (немесе) Қағидаларға сәйкес нысан бойынша басым мүдделерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жылжымайтын мүлікке құқықтардың өзге де ауыртпалықтары; ортақ бірлескен меншік құқығының туындауын, өзгеруін немесе тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу кезінде тіркеу туралы өтінішті барлық қатысушылар не олардың біреуі нотариаттық тәртіпте куәландырылған қалған қатысушылардың келісімін ұсына отырып беруі мүмкін. Ортақ үлестік меншік құқығының (өзге де жалпы құқықтың) туындауын, өзгеруін, тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу кезінде мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті барлық қатысушылар (уәкілетті өкілдер) береді.

2) Кемінде бір жыл мерзімге пайдалану құқығының тіркелгенін растайтын құқық белгілейтін құжат, оның ішінде жалдау, өтеусіз пайдалану, сервитуттар, асырауындағы өмір бойы ұстау құқықтары, рента; сенімгерлік басқару құқықтары, оның ішінде қорғаншылық, қамқоршылық кезінде, мұрагерлік құқықтық қатынастарда, банкроттықта және басқалар; кепіл; қамауға алу; шектеулер (мемлекеттік органдар

өз құзыреті шегінде салатын жылжымайтын мүлікті пайдалануға, оған билік етуге немесе белгілі бір жұмыстарды орындауға тыйым салу; басым мүдделерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жылжымайтын мүлікке құқықтардың өзге де ауыртпалықтары.

Құқықтар (ауыртпалықтар) шарт немесе өзге мәміле негізінде олардың нотариаттық куәлігі болмаған кезде туындаған жағдайларда, өтінішті белгіленген тәртіппен мәміленің барлық қатысушылары береді.

Банктік қарыз шартын қамтамасыз етуге берілген кепілдің туындауы мен өзгеруін тіркеуге өтінішті кепіл беруші және (немесе) кепіл ұстаушы береді. Кепіл ұстаушы өтініш берген жағдайда кепіл берушінің осындай тіркеуге нотариат куәландырған келісімі талап етіледі.

4. Банкроттық рәсімдерінде жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтар ауыртпалықтарын) мемлекеттік тіркеу

1) банкроттық рәсімдерінде жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтар ауыртпалықтарын) қосымшаға және (немесе) Қағидаларға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік тіркеу туралы өтініш;

2) банкроттық рәсімдерінде жылжымайтын мүлікке құқықты (құқықтар ауыртпалығын) растайтын құқық белгілейтін құжат.

3) жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені үшін ақы төленгенін растайтын құжат.

Борышкердің жылжымайтын мүлікке құқықтары тіркелмеген жағдайларда, борышкердің мүлкі мен істерін басқару құқығы ауысқан адамдарға банкроттық рәсімдері енгізілгенге дейін борышкер жасаған (қол қойған)

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

мәмілелер және өзге де құқық белгілейтін құжаттар негізінде жылжымайтын мүлікке құқықтарды ресімдеу және тіркеуге өтініш беру құқығы да ауысады.

5. Заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру кезінде құқықтарды мемлекеттік тіркеу.

1) заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру кезінде құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті қосымшаға және (немесе) Қағидаларға сәйкес нысан бойынша;

2) беру актісі немесе бөлу балансы . Әмбебап құқықтық мирасқорлық нәтижесінде басқа тұлғаға өткен міндеттеме бойынша кредитордың құқықтары кепіл берушінің, оның ішінде борышкер болып табылатындардың келісімінсіз тіркелуге тиіс. Мұндай жағдайларда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғада құқықтың туындауына негіз болып табылатын жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттар талап етіледі.

- "электрондық үкімет" веб-порталы/ақпараттандыру объектілері арқылы:

1. Меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын, жедел басқару құқығын, жерді пайдалану құқығын кемінде бір жыл мерзімге, үстем жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүлік объектісінің пайдасына сервитутты кемінде бір жыл мерзімге мемлекеттік тіркеу.

Қажетті құжаттар тізбесі:

1) Меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын, жедел басқару құқығын, жерді пайдалану құқығын кемінде бір жыл мерзімге, үстем жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүлік объектісінің пайдасына сервитутты кемінде бір жыл мерзімге мемлекеттік тіркеу туралы қосымшаға және (немесе) Қағидаларға сәйкес нысан бойынша электрондық өтініш;

Ортақ бірлескен меншік құқығының туындауын, өзгеруін немесе тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу кезінде тіркеу туралы өтінішті барлық қатысушылар не олардың біреуі нотариаттық тәртіппен куәландырылған қалған қатысушылардың келісімін ұсына отырып беруі мүмкін.

Ортақ үлестік меншік құқығының (өзге де жалпы құқықтың) туындауын, өзгеруін, тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу кезінде мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті барлық қатысушылар (уәкілетті өкілдер) береді.

2) Меншік құқығын, шаруашылық жүргізу құқығын, жедел басқару құқығын, жерді пайдалану құқығын кемінде бір жыл мерзімге растайтын құқық белгілейтін құжаттың, үстем жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүлік объектісінің пайдасына кемінде бір жыл мерзімге сервитуттың электрондық көшірмесі.

Жер учаскесіне жер пайдалану құқығы тіркелген жағдайда жер учаскесіне сәйкестендіру құжаты ұсынылады.

2. Құқықтық кадастрды жүргізу үшін қажетті жылжымайтын мүлік объектісінің сәйкестендіру сипаттамаларының өзгерістерін, құқықтық кадастрдың тіркеу парағында қамтылған құқық иеленуші туралы мәліметтердің өзгерістерін, заңнамалық акті негізінде құқық түрі өзгерген жағдайды қоспағанда, құқық түрінің өзгерістерін; егер олар тіркеу парағында қамтылған мәліметтерге қатысты болса, шарттар талаптарының өзгерістерін тіркеу белгіленетін құқықтар көлеміне әсер етеді. жылжымайтын мүлік объектісіне немесе егер олар тараптардың келісімі бойынша тіркелуі керек болса.

1) заңнамалық акті негізінде құқық түрі өзгерген жағдайды қоспағанда, құқықтық кадастрды

жүргізу үшін қажетті жылжымайтын мүлік объектісінің сәйкестендіру сипаттамаларының өзгерістерін, құқықтық кадастрдың тіркеу парағында қамтылған құқық иесі туралы мәліметтердің өзгерістерін, құқық түрінің өзгерістерін мемлекеттік тіркеу туралы электрондық өтініш ;

егер олар тіркеу парағындағы мәліметтерге қатысты болса, жылжымайтын мүлік объектісіне белгіленетін құқықтардың көлеміне әсер етсе немесе олар қосымшаға және (немесе) Қағидаларға сәйкес нысан бойынша тараптардың келісімі бойынша тіркелуге тиіс болса; ортақ бірлескен меншік құқығының туындауын, өзгеруін немесе тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу кезінде тіркеу туралы өтініш барлық қатысушылар не олардың біреуі нотариаттық тәртіппен куәландырылған қалған қатысушылардың келісімін ұсына отырып беруі мүмкін.

Ортақ үлестік меншік құқығының (өзге де жалпы құқықтың) туындауын, өзгеруін, тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу кезінде мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті барлық қатысушылар (уәкілетті өкілдер) береді.

2) Заңнамалық акті негізінде құқық түрі өзгерген жағдайды қоспағанда, құқықтық кадастрды жүргізу үшін қажетті жылжымайтын мүлік объектісінің сәйкестендіру сипаттамаларының өзгерістерін, құқықтық кадастрдың тіркеу парағында қамтылған құқық иесі туралы мәліметтердің өзгерістерін, құқық түрінің өзгерістерін тіркеуді растайтын құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі; егер олар тіркеу парағындағы мәліметтерге қатысты болса, жылжымайтын мүлік объектісіне белгіленетін құқықтардың көлеміне әсер етсе немесе олар тараптардың келісімі бойынша

тіркелуге тиіс болса, шарттар талаптарының өзгерістеріне қатысты болады.

3. Пайдалану құқығын кемінде бір жыл мерзімге мемлекеттік тіркеу, оның ішінде жалдау, өтеусіз пайдалану, сервитуттар, асырауындағы өмір бойы ұстау құқықтары, рента;

сенімгерлік басқару құқықтары, оның ішінде қорғаншылық, қамқоршылық, мұрагерлік құқықтық қатынастарда, банкроттықта және басқалар; кепіл; қамауға алу;

пайдалануға шектеулер (тыйым салу), мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде салатын жылжымайтын мүлікке немесе белгілі бір жұмыстарды орындауға билік ету; басым мүдделерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жылжымайтын мүлікке құқықтардың өзге де ауыртпалықтары.

1) пайдалану құқығын кемінде бір жыл мерзімге мемлекеттік тіркеу туралы электрондық өтініш, оның ішінде жалдау, өтеусіз пайдалану, сервитуттар, асырауындағы өмір бойы ұстау құқықтары, рента; сенімгерлік басқару құқықтары, оның ішінде қорғаншылық, қамқоршылық, мұрагерлік құқықтық қатынастарда, банкроттықта және басқалар; кепіл; қамауға алу; шектеулер (мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде салатын жылжымайтын мүлікті пайдалануға, оған билік етуге немесе белгілі бір жұмыстарды орындауға тыйым салу; Қағидаларға қосымшаға және (немесе) Қосымшаға сәйкес нысан бойынша басым мүдделерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жылжымайтын мүлікке құқықтардың өзге де ауыртпалықтары; ортақ бірлескен меншік құқығының туындауын, өзгеруін немесе тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу кезінде тіркеу

туралы өтінішті барлық қатысушылар не олардың біреуі куәландырылған қалған қатысушылардың келісімін ұсына отырып беруі мүмкін. нотариаттық тәртіпте. Ортақ үлестік меншік құқығының (өзге де жалпы құқықтың) туындауын, өзгеруін, тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу кезінде мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті барлық қатысушылар (уәкілетті өкілдер) береді.

2) кемінде бір жыл мерзімге пайдалану құқығының тіркелгенін растайтын құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі, оның ішінде жалдау, өтеусіз пайдалану, сервитуттар, асырауындағы өмір бойы ұстау құқықтары, рента; сенімгерлік басқару құқықтары, оның ішінде қорғаншылық, қамқоршылық, мұрагерлік құқықтық қатынастарда, банкроттықта және басқалар; кепіл; қамауға алу; мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде жылжымайтын мүлікті пайдалануға, оған билік етуге немесе белгілі бір жұмыстарды орындауға салатын шектеулер (тыйым салулар); басым мүдделерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жылжымайтын мүлікке құқықтардың өзге де ауыртпалықтары.

Құқықтар (ауыртпалықтар) шарт немесе өзге мәміле негізінде олардың нотариаттық куәлігі болмаған кезде туындаған жағдайларда, өтінішті белгіленген тәртіппен мәміленің барлық қатысушылары береді.

Банктік қарыз шартын қамтамасыз етуге берілген кепілдің туындауы мен өзгеруін тіркеуге өтінішті кепіл беруші және (немесе) кепіл ұстаушы береді. Кепіл ұстаушы өтініш берген жағдайда кепіл берушінің осындай тіркеуге нотариат куәландырған келісімі талап етіледі.

4. Банкроттық рәсімдерінде жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтар ауыртпалықтарын) мемлекеттік тіркеу.

1) Банкроттық рәсімдерінде жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтар ауыртпалықтарын) банкроттық рәсімдерінде мемлекеттік тіркеу туралы электрондық өтінішті қосымшаға және (немесе) Қағидаларға сәйкес нысан бойынша; ортақ бірлескен меншік құқығының туындауын, өзгеруін немесе тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу кезінде тіркеу туралы өтінішті барлық қатысушылар не олардың біреуі қалған қатысушылардың нотариаттық тәртіппен куәландырылған келісімін ұсына отырып беруі мүмкін. Ортақ үлестік меншік құқығының (өзге де жалпы құқықтың) туындауын, өзгеруін, тоқтатылуын мемлекеттік тіркеу кезінде мемлекеттік тіркеу туралы өтінішті барлық қатысушылар (уәкілетті өкілдер) береді.

2) Банкроттық рәсімдерінде жылжымайтын мүлікке құқықтардың (құқықтар ауыртпалықтарының) тіркелгенін растайтын құқық белгілейтін құжаттың электрондық көшірмесі.

6. Заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру кезінде құқықтарды мемлекеттік тіркеу.

1) Заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру кезінде құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы электрондық өтінішті қосымшаға және (немесе) Қағидаларға сәйкес нысан бойынша;

2) Беру актісінің немесе бөлу балансының электрондық көшірмесі. Әмбебап құқықтық мирасқорлық нәтижесінде басқа тұлғаға өткен міндеттеме бойынша кредитордың құқықтары кепіл берушінің, оның ішінде борышкер болып табылатындардың келісімінсіз тіркелуге тиіс. Мұндай

		<p>жағдайларда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғада құқықтың туындауына негіз болып табылатын жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттар талап етіледі.</p> <p>Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркегені туралы мәліметтерді, ақы төленгенін растайтын қызметті беруші мемлекеттік цифрлық жүйелерден "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы алады.</p>
	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген</p>	<p>1) құқықтық қатынастар субъектілері мен объектілері, жылжымайтын мүлікке құқық түрі немесе құқық ауыртпалығы және өзге де тіркеу объектілері не олардың туындау, өзгеру немесе тоқтатылу негіздері заңнама талаптарына сәйкес келмеген кезде;</p> <p>2) егер өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген болса;</p> <p>3) жергілікті атқарушы органдардың сәулет және қала құрылысы, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы органдарынан құрылыс объектілерінің Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасының талаптарына сәйкес остігі туралы тиісті ақпаратының негізінде;</p> <p>4) егер қажетті құжаттар мемлекеттік тіркеуді тоқтата тұру кезінде ұсынылмаған болса, өтініш беруші осы Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тізбесінің 8-тармағына сәйкес мемлекеттік тіркеу үшін қажетті құжаттар топтамасын толық ұсынбаған кезде;</p> <p>5) заңнама талаптарына сәйкес келмейтін нысан мен мазмұн бойынша құжаттарды тіркеуге ұсынған кезде;</p>

мемлекеттік қызмет көрсетуден
бас тарту үшін негіздер

6) Заңның 31-бабының 1-1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, құқықты немесе өзге де мемлекеттік тіркеу объектісін мемлекеттік тіркеуді болдырмайтын ауыртпалықтар болған кезде;

7) заңды күшіне енген сот актісі негізінде;

8) егер тіркеуді тоқтата тұру мерзімдері ішінде тоқтата тұруға негіз болған мән-жайлар жойылмаса;

9) егер тіркеу объектісі осындай құқыққа қатысты ауыртпалықтың ауысуы, өзгеруі, тоқтатылуы немесе белгіленуі болып табылса, ол пайда болған сәтте қолданыста болған заңнамаға бұрын туындаған құқық сәйкес келмеген кезде;

10) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның меншік құқығын және тиісті саланың уәкілетті органын жалдау құқығын тіркеуді қоспағанда, мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясына тиесілі жылжымайтын мүлікке құқықтар мен құқықтар ауыртпалықтарын тіркеуге жүгінген кезде;

11) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңның 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы.

Өзіне-өзі қызмет көрсетуді жүзеге асыру, өз бетінше жүріп-тұру, бағдарлану мүмкіндігі немесе қабілетінен толық немесе ішінара айырылған көрсетілетін қызметті алушыларға құжаттарды қабылдауды 1414, 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну арқылы көрсетілетін қызметті беруші тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы көрсетілетін өзге де талаптар

көрсетілетін қызметті берушінің- www интернет-ресурсында орналастырылған. gov. kz.

Көрсетілетін қызметті алушы ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірін тіркеген және порталдың есептік жазбасына қосқан жағдайда ЭЦҚ болған немесе бір реттік пароль пайдаланылған жағдайда мемлекеттік қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде алады.

Цифрлық құжаттар сервисі пайдаланушылардың мобильді қосымшасында және цифрлық жүйелерінде авторизацияланған пайдаланушылар үшін қол жетімді

Цифрлық құжатты пайдалану үшін пайдаланушылардың мобильді қосымшасында және цифрлық жүйелерінде қолжетімді әдістермен авторизациядан өту, бұдан әрі "Цифрлық құжаттар" бөлімінде одан әрі пайдалану үшін қажетті құжатты қарау қажет.

Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесіне
8-қосымша
"Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің ережелеріне
4-қосымша
Нысаны
(Т.А.Ә. (болған жағдайда - әкесінің аты)
(бұдан әрі – Т.А.Ә.)
не көрсетілетін қызметті алушы ұйымның атауы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, көрсетілетін қызметті беруші Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбағаныңызға байланысты мемлекеттік қызмет көрсету үшін (мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауын көрсету) құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың атауы:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3)

Осы қолхат 2 данада, әрбір тарапқа біреуден жасалды.

Т.А.Ә. (Көрсетілетін қызметті беруші қызметкерінің) (қолы)

Орындаушы: Т.А.Ә. _____

Телефоны _____

Алдым: _____

көрсетілетін қызметті алушының / Т.А.Ә.қолы

20__ жылғы " __ " _____

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
9-қосымша
"Жылжымайтын мүліктің
бірыңғай мемлекеттік кадастры
цифрлық жүйесіндегі
жылжымайтын мүлік
объектілерінің мәліметтерін
өзектендіру (түзету)"
мемлекеттік көрсетілетін
қызметті қағидаларына
1-қосымша

Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры цифрлық жүйесіндегі жылжымайтын мүлік объектілерінің мәліметтерін өзектендіру (түзету) туралы өтініш

Жеке тұлғалар үшін:

Азаматтан (ЖСН) _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), туған жылы)

_____ (құжаттың деректемелері)

Заңды тұлғалар үшін:

Заңды тұлғаның толық атауы _____

Мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі _____

Мемлекеттік тіркеу күні _____, БСН _____

Заңды мекенжайы:

_____ (басшының)

_____ (құжаттың деректемелері)

Түзету жүргізуді сұраймын (қажеттісін белгілеу керек):

жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайы (мекенжайды құқық белгілейтін құжатқа

сәйкес келтіру) _____

жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық нөмірі: _____

жылжымайтын мүлік объектісінің техникалық және сәйкестендіру

сипаттамалары: _____

- объектінің ауданы;

- объектінің қабаттылығы;

- құрамдас бөліктердің саны;

- жылжымайтын мүлік түрі, үлгісі;

- нысаналы мақсаттар;

- бөлінетіндігі (ЖУ);

- құқық түрі;

- меншік нысаны;

- жүргізілген тіркелу күні;

құқық иеленушінің дұрыс емес деректері (Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні, ЖСН)

_____ құқық белгілейтін құжаттардың дұрыс емес деректері (құжаттың күні, нөмірі _____

жылжымайтын мүліктің қате тіркелген құқықтары _____

Жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайы: _____

_____ Өтініш берушінің электрондық пошта мекенжайы (болған жағдайда) _____

Өтінішке қоса беремін: (құжаттың атауы, сериясы, нөмірі, қашан және кім берді)

1. _____

2. _____

Өтініш берілген күні: 20 _____ ЖЫЛҒЫ _____.

Өтінішті қабылдау күні: 20 _____ ЖЫЛҒЫ _____.

Өтініш берушінің не оның өкілінің қолы: _____

(тіркеушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және қолы

Уақыт: _____ сағат _____ минут.

Ескертпе:

Цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін

Көрсетілетін қызметті алушы өзі көрсеткен тұрғылықты жерінің (орналасқан жерінің) мекенжайы, жұмыс орны, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі, электрондық мекенжайы дұрыс екендігімен танысуды өз қолымен растайды, ал көрсетілген баланыстарға бағытталған хабарлама (хабарлау) тиісті және жеткілікті деп есептеледі.

_____ 20__ жылғы " __ " _____.

(қолы) (күні)

Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесіне
10-қосымша
"Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесінде жылжымайтын мүлік объектілерінің мәліметтерін өзектендіру (түзету) мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына"
2-қосымша

"Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесінде жылжымайтын мүлік объектілерінің мәліметтерін өзектендіру (түзету)" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы: "Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры цифрлық жүйесіндегі жылжымайтын мүлік объектілерінің мәліметтерін өзектендіру (түзету)"		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) филиалдары.
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	Мемлекеттік корпорациясы және "цифрлық үкіметтің" веб-порталы, екінші деңгейдегі банктердің цифрлық объектілер.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы: қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш берілген күннен кейінгі 1 жұмыс күні ішінде.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электронды (ішінара цифрландырылған)/ қағаз түрінде.

5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры цифрлық жүйесіндегі жылжымайтын мүлік объектісінің қате мәліметтерін түзету туралы хабарлама, немесе жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры цифрлық жүйесіндегі жылжымайтын мүлік объектілерінің мәліметтерін өзектендіруден (түзетуден) дәлелді бас тарту туралы хабарлама.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорация мен ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	<p>1) Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорацияның филиалдары арқылы дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету кезекші бөлімдері Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырады.</p> <p>2) Портал арқылы – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
		Мемлекеттік корпорация арқылы құжаттарды берген кезде:

8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі	<p>1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;</p> <p>2) Жеке куәлік немесе оның цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжаты (жеке басын сәйкестендіру үшін).</p> <p>3) Жылжымайтын мүлік объектісіне құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттары. Портал арқылы немесе екінші деңгейдегі банктердің цифрлық объектілер арқылы жүгінген кезде:</p> <p>1) ЭЦҚ куәландырылған осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;</p> <p>2) Жылжымайтын мүлік объектісіне құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарының электрондық көшірмесі;</p>
9	Қазақстан Республикасының заңдармен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау.</p> <p>2. "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы.</p>
		<p>Өз-өзіне қызмет көрсетуді, өздігінен қозғалуды, бағдар жасауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе жартылай жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік көрсетілетін қызметті беруші құжаттар қабылдауды 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну жолымен тұратын жеріне бара отырып жүргізеді.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында – www.gov.kz орналастырылған.</p>

Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптарды көздейді

Көрсетілетін қызметті алушы ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірін тіркеген және порталдың есептік жазбасына қосқан жағдайда электрондық цифрлық қолтаңба немесе бір реттік пароль пайдаланылған жағдайда мемлекеттік қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады. Цифрлық құжаттар сервисі мобильдік қосымшада және пайдаланушылардың цифрлық жүйелерінде авторизацияланған субъектілер үшін қолжетімді.

Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесіне

11-қосымша

"Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры цифрлық жүйесіндегі жылжымайтын мүлік объектілерінің мәліметтерін өзектендіру (түзету)" мемлекеттік көрсетілетін қызметті қағидаларына

3-қосымша

Нысан

"Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры цифрлық жүйесіндегі жылжымайтын мүлік объектілерінің мәліметтерін өзектендіру (түзету)" туралы хабарлама

("Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы) 20_жылғы " "_____№:___өтініш бойынша ұсынылған құжаттарды қарап және жылжымайтын мүлік объектісінің архив ісінің материалдарын зерделеп, жүргізілген жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры цифрлық жүйесіндегі жылжымайтын мүлік объектілерінің мәліметтерін өзектендіру (түзету) туралы хабарлайды.

Тіркеуші _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Басшы _____ М. О. _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

_____ ҚОЛЫ

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
12-қосымша
"Жылжымайтын мүліктің
бірыңғай мемлекеттік кадастры
цифрлық жүйесіндегі
жылжымайтын мүлік
объектілерінің мәліметтерін
өзектендіру (түзету)"
мемлекеттік көрсетілетін
қызметті қағидаларына
4-қосымша
Нысан

**Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры цифрлық жүйесіндегі
жылжымайтын мүлік объектілерінің мәліметтерін өзектендіру (түзетуден) дәлелді бас тарту
туралы хабарлама**

Бірегей өтініш №: _____ күні _____

Бас тартуға негіз:

(дәлелді бас тарту мәтінін көрсетілетін қызметті беруші қалыптастырады)

Аталған құжат Қазақстан Республикасының Цифрлық Кодексінің 62-бабының 2-
тармағына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатқа тең.

Тіркеуші _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы

Басшы _____ М. О. _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қолы

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
13-қосымша
"Жылжымайтын мүліктің
бірыңғай мемлекеттік кадастры
цифрлық жүйесіндегі
жылжымайтын мүлік
объектілерінің мәліметтерін
өзектендіру (түзету)"
мемлекеттік көрсетілетін
қызметті қағидаларына
5-қосымша

аты, әкесінің аты (жеке басын
куәландыратын құжаттарда
көрсетілсе), тегі) не көрсетілетін
қызметті алушының атауы)

(көрсетілетін қызметті
алушының мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы"
2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын
басшылыққа ала отырып, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы"
коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының № __ бөлімі (мекенжайын
көрсету) Сіздің мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне
сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбауыңызға және (немесе) қолданылу
мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынуыңызға, атап айтқанда:

Жоқ құжаттардың және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттардың
атаулары:

1) _____;

2) _____;

3) _____ ұсынуыңызға байланысты мемлекеттік
қызметті

" _____ " мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі
талаптардың тізбесіне сәйкес көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады. Осы
қолхат әр тарапқа бір-біреуден 2 данада жасалды.

(Мемлекеттік корпорация қызметкерінің аты, әкесінің аты (жеке басын
куәландыратын құжаттарда көрсетілсе), тегі қолы)

Орындаушы: берушінің аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжаттарда
көрсетілсе), тегі _____

Телефоны _____

Алдым:

берушінің аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжаттарда көрсетілсе),
тегі /көрсетілетін қызметті алушының қолы _____ 20__ жылғы " __ " _____

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
14-қосымша

Құқықтық кадастрдан ақпарат
ұсыну туралы қағидаға

5-қосымша
нысан

(_____)

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ филиалы)

Құқықтық кадастардан жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық ауыртпалықты) мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат алуға сауал № _____

Мен, _____

(Т.А.Ә. (егер қолжетімді болса) (бұдан әрі - Т.А.Ә.) паспорт деректері (жеке куәлігінің деректері) және жеке тұлғаның тұратын жері, заңды тұлғаның атауы және деректемелері)

_____ атынан әрекет етуші

(уәкілетті өкіл толтырады)

_____ негізінде (өкілеттігін куәландыратын құжатының деректері)

Маған беруіңізді сұраймын: керегіне белгі қою

- жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы ақпарат;

- жылжымайтын мүлкінің жоқ (бар) екендігі туралы ақпарат.

- жылжымайтын мүлік объектісіне тіркелген құқықтар ауыртпалықтары, заңды талаптары туралы ақпарат;

- жылжымайтын мүлік объектілерінің жоспарын (сызбасын) қоса алғанда тіркеуші орган растаған тіркеу істері құжаттарының көшірмесін.

Жылжымайтын мүлік объектісінің түрі _____

Объектінің тұрған жері _____

Мына құжаттарды қоса беремін: _____

Күні _____ / _____

(өтініш берушінің/уәкілетті өкілдің Т.А.Ә. және қолы)

_____ (өтінішті қабылдаған маманның Т.А.Ә. және қолы)

Өтінішті орындау /қарау/ нәтижесі: _____ тексерілді: күні __20__ ж.

_____ (маманның Т.А.Ә. және қолы)

Ескертпе: Сауалда арыз берушінің мәліметтері (тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, жеке сәйкестендіру нөмірі, құжат мәліметтері, жеке басын растайтын төлқұжат деректер, жеке тұлғаның тұрған жері, заңды тұлғаның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі және деректемелері, берілетін ақпараттар түрі, жылжымайтын мүлік объектісінің түрі, мекенжайы, нақты жылжымайтын мүлік объектісіне ақпарат алу үшін кадастрлық нөмір көрсетіледі.

Цифрлық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Көрсетілетін қызметті алушы өзі көрсеткен тұрғылықты жерінің (орналасқан жерінің) мекенжайы, жұмыс орны, ұялы байланыстың абоненттік нөмірі, электрондық мекенжайы дұрыс екендігін, ал көрсетілген контактілерге жіберілген хабарлама (хабархат) тиісті және жеткілікті деп саналатындығын өзінің қолтаңбасымен растайды.

_____ " ____ " _____ 20__ ж. (қолы)

Өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
15-қосымша
Құқықтық кадастрдан ақпарат
ұсыну қағидаларына
6-қосымша

"Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы ақпарат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: "Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы ақпарат беру"		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	"Цифрлық үкімет" веб-порталы: www.egov.kz ; "цифрлық үкіметтің" мобильдік қосымшасы, екінші деңгейдегі банктердің цифрлық объектілері арқылы.
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген сәттен бастап мемлекеттік цифрлық жүйеде мәліметтер болған кезде қызмет 20 (жиырма) минут ішінде көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті алушыны күту мен қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 20 минут.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (толық цифрландырылған).
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы мәлімет көрсетілген қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі
	Көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызметті көрсету кезінде алынатын төлем мөлшері	

6	және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі	<p>1) Жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік корпорацияның филиалдарында - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда дүйсенбіден бастан жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін;</p> <p>2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты, жексенбі және мереке күндері аяқталғаннан кейін жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	<p>порталға: ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірін тіркеген және порталдың есептік жазбасына қосқан жағдайда, электрондық-цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) немесе бір реттік құпиясөзбен куәландырылған, қосымшаға сәйкес цифрлық құжат нысанында</p> <p>Құқықтық кадастрдан жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтар ауыртпалықтарын) мемлекеттік тіркеу туралы ақпаратты алуға сұрау салу осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес; ұялы байланыс операторы ұсынған субъектінің абоненттік нөмірін тіркеген және порталдың есептік жазбасына қосқан жағдайда субъектінің жеке кабинетінде және/немесе тіркелген жағдайда sms-хабарлама түрінде субъектінің келісімі болған жағдайда субъектінің жеке кабинетінде үшінші тұлғалардан электрондық сұрау салу және/немесе SMS-хабарлама түрінде</p>

		<p>ұялы байланыс операторы ұсынған субъектінің абоненттік нөмірін қысқа мәтіндік хабарлама жіберу арқылы порталдың есептік жазбасына қосу. мемлекеттік қызметке жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім береді.</p>
9	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздеме</p>	<p>Жоқ</p>
10	<p>Мемлекеттік қызметтерді көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы ұсыну ерекшеліктерін ескеретін өзге де талаптар</p>	<p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда "цифрлық үкімет" веб-порталы арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызметті алуына мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің ақпарат қызметтерінің, сондай-ақ 1414, 8 800 080 777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қолжетімділік режимінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет үшінші тұлғаларға көрсетілуі мүмкін. Үшінші тұлғалардың электрондық сұрау салуы порталдағы "жеке кабинетінен" ұсынылған мәліметтер сұратылатын тұлғаның келісімі болған кезде, сондай-ақ бірреттік пароль беру арқылы немесе порталдың хабарламасына жауап ретінде қысқаша мәтіндік хабарлама жіберу арқылы орындалады.</p> <p>Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшасында және пайдаланушылардың цифрлық жүйелерінде авторизацияланған пайдаланушылар үшін қол жетімді.</p> <p>Цифрлық құжатты пайдалану үшін пайдаланушылардың</p>

		мобильді қосымшасында және цифрлық жүйелерінде қолжетімді әдістермен авторизациядан өту, бұдан әрі "Цифрлық құжаттар" бөлімінде одан әрі пайдалану үшін қажетті құжатты қарау қажет.
--	--	--

Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесіне
16-қосымша
Құқықтық кадастрдан ақпарат ұсыну қағидаларына
8-қосымша

"Жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы ақпарат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: "Жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы ақпарат беру"		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	"Цифрлық үкімет" веб-порталы: www.egov.kz ; "цифрлық үкіметтің" мобильдік қосымшасы, екінші деңгейдегі банктердің цифрлық объектілері арқылы.
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті берген кезден бастап көрсетілетін қызмет мемлекеттік цифрлық жүйеде мәліметтер болған кезде 20 (жиырма) минут ішінде көрсетіледі.
4	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны	Электрондық (толық цифрландырылған);
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы тиісті мәлімет көрсетілген қызметті алушының " жеке кабинетіне" жіберіледі
6	Көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде өндіріп алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	тегін
		1) Мемлекеттік корпорация филиалдарында – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және

7	Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі	<p>мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 9.00-ден сағат 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-тен 14.30-ға дейін,</p> <p>2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс уақыты, жексенбі және мереке күндері аяқталғаннан кейін жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	<p>Порталға: осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес электрондық-цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) немесе порталдың есеп жазбасына ұялы байланыс операторы ұсынатын көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірін тіркеу және қосу жағдайында, бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы құқықтық кадастрдан жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтар ауыртпалықтарын) мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат алуға сұрау салу;</p> <p>субъектінің порталының жеке кабинетінде үшінші тұлғалардан электрондық сұрау және/немесе ұялы байланыс операторы ұсынған порталдың есептік жазбасына субъектінің абоненттік нөмірі тіркелген және қосылған жағдайда sms-хабарлама түрінде, субъектінің келісімі жағдайда, субъектінің порталының жеке кабинетінен және/немесе субъектінің абоненттік нөмірі тіркелген және қосылған жағдайда , sms-хабарлама түрінде, ұялы байланыс операторымен порталдың есептік жазбасына қысқа мәтіндік хабарлама жіберу. Мемлекеттік қызмет алуға жүгінген кезде егер Қазақстан Республикасының заңдарында</p>

